

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

ДИЗАРТРИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ
Әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2016

ӨӘЖ 376
Д 40

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған және ұсынылған (5 қазан 2016, хаттама №10).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен ұсынылған (№13093, 13092/11-3/70-вн. Бұйрық 13.01.2017 ж.).

Пікір бергендер:

А.А. Тайжан – м.ғ.д., профессор

Г.С.Оразаева – ТП ҰҒПО директоры, п.ғ.к., доцент

Авторлар:

Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Н. Тулебиева, С.Ж. Өмірбек және т.б.

Д 40 Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысының технологиясы: әдістемелік нұсқаулық/ Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Н. Тулебиева, С.Ж. Өмірбек және т.б., - Алматы: ТП ҰҒПО, 2016 - 62 б.

ISBN 978-601-7131-66-1 2 бөлім. 2016-55б

ISBN 978-601-7131-67-8

Әдістемелік нұсқаулықтарда мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысының технологиясы бойынша материалдар жүйеленген.

Әдістемелік нұсқаулықтар мектепке дейінгі жалпы және арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері мен тәрбиешілеріне, ата-аналарға, "Дефектология" мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттеріне арналған.

ӨӘЖ 376

ISBN 978-601-7131-67-8 (2 бөлім)

ISBN 978-601-7131-66-1 (орт)

© ТП ҰҒПО, 2016

© Қ.Қ., Өмірбекова Г.Н. Тулебиева, С.Ж. Өмірбек, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1 Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың ауызша байланыстырып сөйлеуін дамыту бойынша түзету-педагогикалық жұмысының технологиясы (Қ.Қ. Өмірбекова).....	5
2 Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық жағын қалыптастыру (Г. Н. Тулебиева, М. Садырбаева).....	16
3 Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын логопедиялық түзету жұмысының ғылыми-әдістемелік негіздері (Г. Б. Ибагова).....	23
4 Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың сөздік қорын дамыту жолдары (Г.С. Дербисалова).....	30
5 Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың танымдық әрекеттерін дамыту бойынша түзету-педагогикалық жұмысының технологиясы (С.Ж. Өмірбек).....	44
6 Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың моторлы аясын дамыту бойынша түзету-педагогикалық жұмысының технологиясы (Г.Н. Касымжанова, Ж.Ж. Нурсейтова).....	53
ҚОРЫТЫНДЫ	58
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	59
ҚОСЫМША.....	60

КІРІСПЕ

Білім беруде ерекше қажеттілігі бар балалардың ана тілін меңгеруі және мектеп алды кезеңінде оны дамыту баланың жалпы дамуына негіз болады, сонымен қатар ерекше маңызды болып саналады. Өйткені, біріншіден, бүкіл оқыту – түзету үрдісі коммуникативтік іс-әрекетке негізделген; екіншіден, айналасындағылармен қарым-қатынас жасай білу баланың әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдетеді; үшіншіден, сөйлеу тілі танымдық процестерімен қатар тұлғаның қалыптасуына да әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі жастағы дизартриялық бұзылыстарды жеткіліксіз түзету әрі қарай балалардың жазу мен оқудың бұзылысына әкеледі. Сондықтан, дизартриясы бар балалардың бұзылыстарын түзету-педагогикалық жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселесі логопедияның өзекті мәселелеріне жатады және әрі қарай логопедиялық жұмыстың тәсілдері мен әдістерін жетілдіруді талап етеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықтар 2016-2018жж. арнайы білім беру саласындағы "Арнайы білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету" тақырыбында "Ғылымды дамыту" қолданбалы зерттеулер бағдарламасы шеңберінде әзірленген.

1 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗША БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУ ТУРАСЫНДА ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Байланыстырып сөйлеу тілі – бұл сөйлеу әрекетінің ең күрделі түріне жатады. Байланыстырып сөйлеу тілі өзіне тән белгілермен, сонымен қатар жүйелілікпен, бірізділікпен баяндау ерекшеліктерімен сипатталады, яғни, логикалық бірізді айтылған сөздерді игеріп, оның компоненттерін - сөйлемді, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлеу.

Байланыстырып сөйлеудің қалыптасуы және даму мәселелері қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде әржақты қарастырылады. Қазақ тілі білімі мен оны оқыту әдістемесінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы тіл дамыту жұмысы барысында, балалардың өздері бұрыннан меңгерген сөз мағыналары туралы түсініктеріне сүйене жүргізу қажеттілігін баса айтады. Қ.Жубанов қазақ тілінің табиғатын дұрыс меңгеру үшін буын жүйесін жете білу керек, өйткені буынды жақсы білмесең сөз тудыру, сөз түрлендіру сияқты сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарын «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп оқу» сияқты дағдыларды дұрыс меңгере алмайсың деп көрсетеді. Ғ.Бегалиева тілді дамыту жұмысын ерте жүргізудің маңыздылығын айта отырып, осы жұмыспен байланыстыра, кейбір балалардың тіл мүкістігін байқап, түзете отыру керектігін айтады.

Демек қазақ тілді балалардың тілін дамыту, тіл мүкістігін түзету міндеттері, арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, сонау өткен ғасырдың 40 жылдарынан бастап әдіскер ғалымдардың назарына іліккені байқалады.

С.Рахметова байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмыстары үш жақты жүргізілсе ғана жемісті болады деген тұжырым айтады. Біріншісі балалардың сөздік қорын молайту, екіншісі – балалардың меңгерген сөздерін құрастыра отырып, сөз тіркесі мен сөйлем құруға, үшіншісі – сөйлеуге үйрету жұмыстары [1].

Сөйлеу тілі қалыпты дамыған мектеп жасына дейінгі балалардың монологтік сөйлеу түрінің элементтері 2-3 жасында дамиды. 5-6 жаста

бала монологтік сөйлеу түрін жеткілікті меңгере бастайды, ситуациялық сөйлеу тілі шектеле бастайды.

4 жасқа қарай балалар монологтік сөйлеу түрінің сипаттау және хабарлау, ал 7 жасқа қысқаша пікір-таластар жүргізуді игереді. Монологтік сөйлеу тілін меңгеру үшін сөйлеудің лексикалық, синтаксистік құрылымын және жоспарлау функциясын игеруі қажет.

Сөйлеу тілінің дамымауы, бұзылуы баланың интеллектуалды, сенсорлы ерік аяларының қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Сөйлеу тілі бұзылыстары мен психикалық дамудың кешеуілдеуі арасындағы байланыс екіншілік ақаулықтардың пайда болуына себепші болады. Р.Е.Левина ғылыми еңбектерінде сөйлеу тілінің жетіспеушілігі баланың дамуын тежеп, артта қалдыратынын, қабылдау процесінің қалыптаспауына әкелетінін айтады [2].

Арнайы әдебиеттерде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру мәселелерінің әртүрлі аспектілері қарастырылады.

Дизартриясы бар балалардың әңгімесінде тілдік штамптар, аграмматизмдер, кейбір оқиғаларды, іс-әрекетті байланыссыз теріп айтуы немесе әңгіменің мазмұнына сәйкес келмейтін бөлімдерді қосып айтуы кездеседі [3]. Л.Ф.Ефименкова СТЖД мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуді дамытудың тәсілдерін жүйелеп үш кезеңге бөледі. Әр кезеңде сөз қорын молайту, сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған жұмыс жүргізіледі. Автор алдымен мәтінді толық, сосын іріктеп, соңында шығармашылық элементін қосып айтуды ұсынады. Барлық жағдайда мәтінді талдау қажеттілігі айтылады.

В.П.Глухов әңгімелесу жүйесін келесі кезеңдер бойынша жүргізу керектігін көрсетті: көрнекілік бойынша; мәтін бойынша; сипаттау-әңгімелерін құрау; шығармашылық элементтерін қосу арқылы әңгімелеу [4].

Т.А.Ткаченко қосымша құралдарды (көрнекілік, модель) қолдана отырып, біртіндеп күрделендіріп келесідей кезектілікпен жұмыс жүргізуді ұсынады: көрнекілік іс-әрекет бойынша; көрсету іс-әрекет ізімен айту фланелеграфты пайдаланып әңгімені қайталау; ілеспелі суреттер бойынша әңгімені айту; ілеспелі сурет бойынша әңгіме құрау; сюжетті сурет бойынша әңгімені қайталап айту; сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау.

Арнайы әдебиеттерде қарастырылып отырған мәселе бойынша біршама деректер жинақталған. Дегенмен, дамуында әртүрлі ауытқуы бар қазақ тілді балалардың сөйлеу ерекшеліктері бойынша зерттеулердің

жеткіліксіздігінен, әсіресе дизартриясы бар балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері туралы мағлұматтар жоқтың қасы.

Дизартриясы бар қазақ тілді мектепке дейінгі жастағы баланың байланыстырып сөйлеуінің жағдайын анықтауға бағытталған арнайы зерттеу нәтижесінде төмендегідей кейбір ерекшеліктері анықталды:

- қалыпты балалармен салыстырғанда дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуінің айтарлықтай жетілмеуі байқалады;

- балалардың көпшілігі сурет бойынша әңгімелеуде заттық, кейіпкердің іс-әрекетін ретсіз, байланыссыз айтады, оқиғаның негізгі желісін өрбіте алмайды;

- заттар, жануарлар бойынша сипаттау әңгімелер құрастыруда көбінесе оларға тән негізгі белгілерін бөліп айтуда қиналады, кездейсоқ белгілерін, сипатын атайды.

Аталған қиыншылықтарды дизартриясы бар балалардың моторлы аясының бұзылуына байланысты әлеуметтік, іс-әрекеттік тәжірибесінің жеткіліксіз қалыптасуымен және сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерімен байланыстыруға болады.

Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жұмысының негізгі қағидалары

Арнайы әдебиеттердегі қарастырылып отырған мәселеге қатысты мағлұматтарды және дизартриясы бар қазақ тілді балалардың сөйлеу тілін зерттеу жұмысының нәтижелерін басшылыққа ала отырып, олардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру жұмыс әдістері жүйеленді. Жұмыс бағыттарын, мазмұнын анықтап жүйелеуде жалпы педагогикалық қағидалармен қатар келесідей арнайы принциптерге (қағидаларға) сүйендік.

1) Сөйлеу тілінің барлық компоненттері дамыту жұмысын қатар жүргізу. Дизартрияның негізгі белгілеріне дыбыс айтуының бұзылуы жатады. Бірақ та дыбыс айтуының бұзылуы сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағының дамуына әсерін тигізеді. Дизартрияның көмескі түрі бар балалардың өзінде, өз бетінде ауызша сөйлеуінің кедейлігі, сөйлеу тілінің реттеуші және жалпылама функцияларының тежелуі, сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағының дамымауы байқалады. Сондықтан, түзете – оқыту үрдісінде барлық кезеңдерінде сөйлеу тілінің барлық компоненттерін (дыбыс айту, сөз қоры, грамматикалық жағын, байланыстырып сөйлеуін) дамыту жұмысын қатар жүргізу тиімді.

2) Баланың жеке және психомоторлық ерекшеліктерін ескеру қағидасы. Бұл қағида біріншіден дизартрияның түріне, зақымдалу мөлшеріне, тереңдігіне байланысты олардың психологиялық, моторикалық аясының, сөйлеу тілі даму деңгейінің әртүрлі болып келуімен, екіншіден, дизартриясы бар қазақ тілді балалармен логопедиялық жұмысты тиімді ұйымдастыруға қажет ғылыми тұрғыда құрастырылған оқу –әдістемелік құралдардың, материалдардың болмауымен негізделеді.

3) Логопедиялық жұмыс үрдісінде қолданатын сөздік материалдарды іріктегенде олардың фонетикалық тұрғыдан қолжетімділігін ескеру қағидасы. Дизартрияның негізгі белгісіне – дыбыс айтуының бұзылуы жататыны және қойылған дыбыстарды дұрыс, анық айтуы ұзақ уақытты қажет ететіні белгілі. Сондықтан сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық компоненттерін қалыптастырудың, әсіресе, бастапқы кезеңдерінде құрамы ерте онтогенездегі дыбыстардан тұратын сөздік материалдарды қолдану тиімді.

4) Сабақ барысында әртүрлі іс-әрекеттерді кеңінен қолдану. Бұл қағида дизартриясы бар балалардың клиникалық, психомоторикалық ерекшеліктерін ескере отырып олардың танымдық процестерін, байланыстырып бағытталған әртүрлі іс-әрекеттерді кеңінен пайдалануды көзсөйлеуін, сенсорлық тәжірибелерін жүйелеуді, кеңейтіп бекітуді көздейді. Сабақ барысында, сабақтан тыс уақытта тақырыпқа байланысты ойын, ертегілерден үзінді сахналау, сурет салып бояу, құрастыру, сергіту жаттығулар, заттық графикалық жоспар, білімді сенсорлық каналдар арқылы қабылдау, меңгеру т.б. сияқты әдіс-тәсілдер баланың сабаққа, сөйлеуге қызығушылығын арттырып, сөз қорын белсендіруге, қалыптасқан білік, дағдыларын бекітуге ықпалын тигізеді.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмысының негізгі бағыттары

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту кешенді түзету педагогикалық жұмысының негізгі бағытына жатады. Көптеген зерттеушілер сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың байланыстырып сөйлеуінің ерекшеліктерін атай отырып, алдымен оны қалыптастырудың алғышарттарын дамыту жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын баса айтады [2]. Зерттеушілердің пікірлерін, дизартриясы бар балалардың психологиялық – педагогикалық ерекшеліктерін және зерттеу барысында жүйеленген түзету жұмысының қағидаларын

басшылыққа ала отырып, олардың байланыстырып сөйлеуін дамыту екі бағытқа бөліп қарастырылды: байланыстырып сөйлеудің алғышарттарын дамыту; ауызша байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуінің алғышарттарын дамыту жұмысы келесідей бағыттарды қамтиды: сөйлеу белсенділігін арттыру; қоршаған орта туралы түсінігін молайту; психикалық процестерді дамыту; моторикалық аяны дамыту; сөз қорын молайту.

Байланыстырып сөйлеудің алғышарттарын дамыту жұмысының мақсаты, тәсілдері 1-кестеде көрсетілген. Дизартриясы бар балалардың барлығына тән сөйлеу іс-әрекетінің бұзылуы, олардың сенсорлық, интеллектуалдық, ерік –жігер аясының дамуына әсерін тигізеді. Соған байланысты ауызша сөйлеу тілін дамыту жұмысын жоғарыда аталған бағыттарды қамти отырып жүргізу тиімді.

Ауызша сөйлеу тілін дамыту

Баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жұмысы әртүрлі құрылымды сөйлемдерді құрау дағдысын қалыптастырудан басталады: А.Н.Гвоздевтің айтуынша: «Сөйлем – баланың сөйлеу тілінің дамуында үлкен рөл атқарады. Ана тілін меңгеру түрлі сөйлемдерді меңгерумен сипатталды» [5].

1-кесте - Байланыстырып сөйлеудің алғышарттарын дамыту жұмысы

Жұмыс бағыттары	Мақсаты	Жұмыс тәсілдері
Сөйлеу белсенділігін арттыру	Үлкендердің сөзін, нұсқауын тыңдауға, жауап беруге, қолжетімді қарапайым ертегілерді тыңдауға үйрету	Әңгілесу, сахналау, ойындар: «Ойлан тап», «Кім дұрыс айтады», «Қателеспе» т.б.
Қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту	Қоршаған орта туралы түсінігін анықтау, орта туралы нақты түсінігін қалыптастыру (түр, түс, көлем т.б.). Заттарды бақылап тану, атау, өз денесін, жақын органы, кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру.	Заттарды бақылау, түрі, түсі, көлемі бойынша салыстыру. Ойындар: «Осындай затты тап», «Кім қайда отыр» т.б. Кеңістікті бағдарлауын дамыту тәсілдері: оң, сол қолымен дене мүшелерін көрсету, сызба бойынша заттарды орналастыру, заттардың кезектілігін оңнан солға, төменнен жоғары атау т.б.

Психикалық процестерін дамыту	Танымдық процестерін, зейінін, логикалық ойлауын, көріп, естіп қабылдауын, есте сақтауын дамыту	Ойындар: «Төртінші артық», «Не өзгерді», «Кім зейінді», «Айырмашылығын тап» т.б. жұмбақ шешу, жауабын сипаттау, суреттегі бейнеленген іс-әрекеттің кезектілігін, себебін анықтау т.б.
Моторикалық аясын дамыту	Баланың қимыл белсенділігін арттыру, артикуляциялық, қолдың ұсақ, жалпы моторикасын дамыту қимылдың статикалық, динамикалық үйлесімділігін дамыту	Арнайы артикуляциялық жаттығулар, саусақ гимнастикасы, штрихтау, бояу, кесу, жапсыру, құрастыру, ұсақ заттарды іріктеу, жинақтау, таяқшалардан фигура құрау т.б., статикалық қимылды дамыту «Көзілдірік», «Ара», «Қайықта» «Шапалақтау», т.б. жаттығуларды қолдану.
Сөз қорын молайту	Енжар, белсенді сөз қорын молайту, нақтылау, белсендіру, мағынасын түсіну. Қоршаған ортаға қатысты заттың атауын, оның қимылын, сапасын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту. Қолжетімді грамматикалық категорияларды қолдану.	Бағдарламадағы тақырыптар бойынша әңгімелесу, мәтін, ертегілерді тындау, сұраққа жауап беру, суретпен жұмыс жүргізу, мәтіннен ұқсас сөз бірліктерін табу, сөз ойлау т.б.

Сөйлем құрау дағдыларын дамыту жаттығулары мен тапсырмалар:

1) Екі сурет бойынша (бала, алма, қыз, кітап) сөйлеу құру, сөйлемді сөздің тұрлаусыз мүшелерімен толықтырып кеңейту. (Бала алма жеп отыр. Бала тәтті, қызыл алма жеп отыр. Қызыл көйлек киген бала тәтті, дәмді алма жеп отыр).

2) 3-4 сурет (карточка) бойынша сөйлем құрау.

Апа	нан	пышақ
-----	-----	-------

қыз	орын	кітап
-----	------	-------

3) Ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрау (барды, балалар, саяхатқа, тауға, бала, тау, бару, саяхат)

4) Сөйлемдегі жетпейтін сөзді табу (Балалар көлде жүр)

5) Сөйлемді аяқтау (Балалар көлде ...)

6) «Жанды суреттер» бойынша сөйлем құру (фланелеграфта әртүрлі суреттер, іс-әрекеттерді көрсету бойынша).

7) Мағынасы бойынша сөйлемдерді дұрыс ретпен құру (Әжем қағаз пышақпен нан кесті. Жаңбыр жауды, өйткені атам қолшатыр алды.).

8) Тірек сөздермен сөйлем құрау (Бала, мұғалім, оқиды, жазады, жуынды т.б.).

9) Жануарлар туралы сөйлем құрау. Үй жануарлардың төлдері қалай аталады? Өскенде олар қалай аталады (құлын – жылқы, бұзау - сиыр) қандай пайдасы бар? (сиыр сүт береді, жылқы жүк тасиды, көлік болады т.б.)

10) Себеп – салдарды анықтау, сөйлем құрау, оларды әңгімеге қосу (доп ойнап жүрген бала, сынған терезе).

11) Логопедтің бастауы немесе аяқтауы бойынша әңгіме ойластыру, айту (Жаңбыр жауып тұр. Бала далаға шықты ... Бала мойынын байлап жатыр).

12) Қиалдау элементтерін қосып сөйлем құрау. «Қиялшылдар» ойыны (Бақтағы ағашта алтын алма өсіп тұр т.б.).

Ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудың бастапқы кезеңінде диалог және шағын әңгімелер құрастыру дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. С.Р. Рахметова, Б.Б. Баймуратова, А.Б. Бакреденова т.б. сөйлеу тілінің дамуы диалогтан бастап монологқа қарай дамиды деген көзқарасты ұстанады. Диалог сөйлеудің алғашқы қолжетімді түрі болып саналады [6,7].

Диалогтың құрылымы өте қарапайым және қысқа болып келеді. Түсінікті болу үшін диалог барысында қосымша құралдар (ым, ишара, интонация) қолданады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілдің диалогтік түрін дамытудың маңыздылығын атай отырып, диалог барысында сөйлем құрау дағдылары жетіліп, шағын көлемді әңгімелер құрау дағдылары жетіледі деп көрсетеді.

Сөйлеу тілі бұзылған балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту барысында қолданылатын жұмыс түрлеріне тоқталайық. Әртүрлі тәсілдердің көмегімен балалар шағын әңгіме құрастыру дағдыларын меңгерсе (сұраққа толық жауап беру, таныс заттарды салыстыру «алма - лимон» т.б.) біртіндеп сипаттау әңгімелерді құрастыруға көшуге болады.

Сипаттау әңгімелерді құрастыру барысында дизартриясы бар балаларды заттық, жануарлардың іс-әрекетін, негізгі белгілерін, ерекшеліктерін анықтап, табуға үйрету қажет. Содан соң негізгі белгілері сипаты бойынша заттарды, жануарларды тауып, өздері жұмбақ және әңгіме құрастыруға үйренеді. Анықтауыш эксперимент барысында сипаттайтын әңгімені құрастыруда бір затты әр бала өзіндік кезектілігімен

сипаттайтыны көбінесе олар заттың кездейсоқ белгілерін атайтыны байқалады.

Осындай ерекшеліктерді ескере отырып жануарларды, құстарды сипаттап әңгімелеуде төмендегідей алгоритмді қолдану тиімді:

1) Атауы, жалпылама ұғым (неге жатады: үй жануарлары, құс т.б.). 2) Көлемі. 3) Түсі. 4) Дене мүшелері (ерекшеліктері). 5) Қайда мекендейді (орманда, үйде т.б.). 6) Қайда тұрады (інде, үйшікте, бұтақта т.б.). 7) Немен қоректенеді. 8) Төлдерін, балаларын қалай атайды. 9) Пайдасы. 10) Ажырату. 11) Жіктеу.

Затты сипаттау алгоритмі: 1) Атауы. 2) Көлемі. 3) Салмағы. 4) Сапасы. Түрі (формасы). 5) Түсі. 6) Иісі. 7) Дәмі. 8) Жалпылама ұғым (неге жатады) ажырату. 9) Қалай пайдаланады.

Алдымен балалар сипаттау әңгімелерді үлгі бойынша яғни (логопед бір затты (алманы) сипаттайды, ал бала соған ұқсас затты өзі сипаттайды (алмұрт т.б.)). Содан соң бала сызбаға сүйеніп, логопедтің көмегімен әңгімелейді. Сызбаны қолданбас бұрын логопед оның шартты белгілерімен балаларды таныстырады, жаттықтырады. Сонымен қатар, әңгіме құрастыруын қалыптастыру барысында, дизартриясы бар балалардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып әр түрлі жұмыс түрлерін кеңінен қолдану қажет.

Трафарет бойынша заттардың суретін салу, қию, бояу, 2-3 бөлшектен, тұратын заттың суретін құрастыру, ермексаздан жасау санау, затты көрмей, сезіп анықтау т.б. және өздерінің жұмыс нәтижесін талдап, бағалау. Сабақ барысында баланың моторикалық аясын, танымдық процестерін дамытуға бағытталған тәсілдерін кеңінен қолдану түзету – педагогикалық жұмыс тәсілдерінің тиімділігін, нәтижесін арттырады.

Сюжетті, ілеспелі сурет бойынша байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда дизартриясы бар балаларда кездесетін кейбір ерекшеліктерін ескеру қажет. Қалыпты дамыған балалармен салыстырғанда дизартриясы бар бала көбінесе суретті оңнан солға немесе төменнен жоғары қарай қарайды. Бұл ондай балалардың оптикалық – гностикалық функциясының бұзылуын көрсетеді. Сонымен қатар әңгімелері қысқа, тек кейіпкерлердің іс – әрекетін айтумен шектелсе, бірде суретте жоқ оқиғаларға ауысып кетуі байқалады. Дегенмен ілеспелі суреттер бойынша әңгіменің негізгі мазмұны сақталып, дұрысырақ айту мүмкіншілігі жоғарырақ болады.

Суретті қарап танысу барысында мазмұнын дұрыс түсініп, жеткізуге қажет сөздерді, сөйлемді дұрыс айтуға, оқиғаның себеп-салдарын анықтауға, логикалық ойлауын дамытуға бағытталған әр түрлі жаттығулар жүргізіледі: балаларға ілеспелі сурет беріп кезектілігін

сақтап реттеп қою; логопед ретсіз қойған суреттердің қатесін табу; суреттің қатесін тауып, сурет бойынша лексикалық, грамматикалық жақтығұларды орындап, әңгіме, құрастырады, тақырып ойлайды; сұрақ бойынша әңгіме құрау; суретке сүйеніп бастаған әңгімені аяқтау т.б.

Сурет бойынша әңгіме құрастыруда төмендегідей алгоритмді қолдануға болады:

1) Оқиғаның мерзімі (жыл мезгілі, тәуелік т.б.). 2) Ауа райы. 3) Оқиғаның орны. 4) Басты кейіпкерлері, есімдері. 5) Оқиғаның мазмұны (іс-әрекеттері, кезеітілігі, толықтылығы, себеп-салдары). 6) Суреттегі кейіпкерлердің көңіл-күйі. Қорытынды.

Ауызша сөйлеу тілін дамыту барысында әртүрлі мәтіндер кеңінен қолданылады. Мәтінмен жұмысының алғашқы кезеңінде балаларға әңгіменің құрылымын түсіндіріп, оның мазмұнын айтуға қажет сөздерді іріктеп, сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыруға, жалғау, жұрнақтарды ережеге сәйкес дұрыс қолдануға көңіл бөлу қажет.

Мәтіннің негізгі мазмұнын дұрыс түсініп, жеткізу үшін әртүрлі қосымша тәсілдерді қолдану тиімді. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген ілеспелі суреттер, сызбалар, сөз тіркестері, әңгіменің кіріспесі (басы), аяғы, әңгімені толықтыру, сөйлем моделдерін, заттық-графикалық жоспар т.б. қолдану.

Қоршаған орта туралы түсініктері сөйлем құрау дағдылары біршама қалыптасқан балалармен байланыстырып сөйлеуін дамыту барысында «Синквейн» әдісін қолдануға болады. Синвейн – француз тілінен аударғанда «бес жол» немесе бес қатарлы өлең деген мағынаны білдіреді, яғни ұйқасыз бес жолдан тұратын өлең құрау әдісі.

«Синквейн» әдісін құрастыру ережесі:

- Бірінші қатар – бір сөз, басты мақсаты көрсетуші қарапайым зат есім;

- Екінші қатар – басты ойды сипаттайтын сын есім;

- Үшінші қатар – үш сөз, тақырып аясында іс-әрекетті сипаттайтын етістік;

- Төртінші қатар – тақырыпқа қатысты бірнеше сөзден тұратын фраза құрастыру;

- Бесінші қатар – тақырыптың мәнін ашатын біріншісімен байланысты сөздер.

- Мысалы: 1) шырша; 2) жасыл сәнді; 3) өседі, таңқалдырады, қуантады; 4) мен мерекелік шыршаны жақсы көремін; 5) қыс, жаңа жыл, балалық шақ.

Ескерту: «Синквейн» әдісін қолданғанда балалардың сөйлеу


мүмкіншіліктеріне байланысты алдымен дайындық жұмысын жүргізу керек.

Балаларды ауызша әңгіме құрастыруға үйрету үрдісінде дыбыс айтуын жетілдіру, сөз қорын молайту және белсендіру, сөйлеу тілінің грамматикалық жағын дамыту жұмыстары қатар жүргізіледі сонымен қатар сөздің мағынасын түсінуіне, заттық атауын, іс-әрекетін, сапасын нақты атауға, оқиғаның орнын, уақытын көрсетіп айтуына ерекше көңіл бөлінеді.

Сонымен, дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру жұмысы кешенді ықпал ету негізінде жүргізіледі, яғни бір сабақта сөйлеу тілінің барлық компоненттерін (фонетика, лексикасы, грамматикасын, психомоторлық аясын) қатар дамыта отырып ауызша сөйлеу тілін жетілдіру.

Дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмыс мазмұны келесі құрылымдық модельде көрсетілген.

Ұсынылып отырған модельде дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің функциялары (қағынас, түзетушілік, дамыту, тәрбиелік) критерилері (сәйкестігі, кезектілігі, мазмұны) қағидалары, жұмыс кезеңдері мен бағыттары берілген. Сонымен қатар бір тақырыпты айту барысында сөйлеу тілін, танымдық процестерін, моторлық аясын дамытуға бағытталған әртүрлі жұмыс түрлерін (ойын, іс-әрекет, бейнелеу т.б.) сабақта, сабақтан тыс уақытта кеңінен қолдану көзделеді.



Сурет 1 - Дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың құрылымдық моделі

2 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ- ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ЖАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Баланың сөйлеу тілінің дамуында сөйлеу тілінің шыққанға дейінгі кезеңнің маңызы зор. Осы кезде баланың көріп, естіп қабылдау қабілеті дамиды, алғашқы заттық және қимыл әрекеті қалыптаса бастайды, гуілдеу, былдыр, тіл дыбыстарына еліктеуге мүмкіндіктері туындайды, яғни баланың айналасындағы ересектермен қарым-қатынасқа түсуге қажетті алғы шарттары пайда болады.

Әдебиеттерде ұрықтың тіл дыбыстарына реакция береді деген деректер кездеседі. Мысалы, анасы іште жатқан баласымен сөйлескен сәтте, ұрықтың жүрек қағысы жиілей бастайды. Тілі шыққанға дейінгі кезде баланың шығарған дыбыстары әлі фонема деп есептелмейді. Дегенмен, осы алғашқы дауыс реакциялары ана тілінің дыбыстық жүйесін меңгеруге қажетті базисының қалыптасуына жағдай жасайды.

Е.М. Мастюкованың зерттеулерінде церебралды сал ауыруы бар балаларда патологиялық тоникалық рефлексдер айқын көріну жағдайында ерікті дауыс реакцияларының қалыптасуы кешеуілдеп, айқайдың интонациялық мәнерлігінің бұзылғаны байқалады. Бұл баланың ересектермен қарым-қатынасқа түсу дағдыларының дамуын шектейді [8].

Церебралды сал ауыруына шалдыққан балалардың дауыс реакцияларының дамуы бұзылады. Ауыр жағдайда гуілдеу мүлдем қалыптаспайды, жеңіл жағдайда дыбыстар кешеуілдеп пайда болады және біркелкілігімен сипатталады.

Церебралды сал ауыруы кезінде сөйлеу тілі бұзылуының «қатерлік» симптомдары: гуілдеуінің жоқ болуы; тіл бұлшықет тонусының жоғары болуы; оның ауыз қуысында дұрыс орналаспауы; тілдің зорлық қимылдары мен оральды синкинезиялардың пайда болуы. Бұл балаларда әдетте былдыр болмайды. Олар шығарған дыбыстар бірсарынды, интонациялық мәнерлігі төмен. Жеке дыбыстарды айту барысында бұлшықет тонусының жоғарылауы, зорлық қимылдары байқалады. Дыбыстық белсендігі өте төмен. Бала дыбыстар арқылы айналасындағылармен қатынасқа түсуге ынталанбайды. Бұл моторлық дамуының бұзылыстарымен үйлеседі: бір жаста бала әлі отырмайды, тұра алмайды, еңбектемейді, жүрмейді, заттық және манипулятивті әрекеті қалыптаспаған немесе айқын көрінбейді.

Осы кездегі түзету жұмысының негізгі мақсаты: дыбыстау белсендігін еліктеу арқылы дамыту; баланың айналасындағылармен интонациялық қатынасқа түсу; артикуляциялық қалыпты қалыптастыру - ана тілінің дыбыстық жүйесін меңгеруге дайындық; ересектермен заттық-әрекеттік қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру; әрекеттенуге ынталандыру; еліктеу әрекетін тәрбиелеу; өзіне айтылған сөзді жағдаяттық алғашқы түсінуін дамыту; енжар және белсенді сөздік қорын дамыту.

Қимылдарды түсініп, еліктеуін дамыту үшін келесі жаттығулар жасатады: "Алақан соғу ойынын ойнату", "Сау бол", "Қолыңды бер", т.б. Алғашқыда ересек адам өзі сөзді қимылдармен үйлестіріп айтады, кейін сөзді айтып отырып, баланың қолымен қимылдарды орындайды, соңында балаға өзбетімен қимылдарды орындауды ұсынады.

Церебралды сал ауыруы бар балаларды әрекеттенуге үнемі ынталандыру қажет. Сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын алу шаралар кешенді сипатта болуы және әртүрлі қимыл функцияларын дамыту (отыру функциясын дамыту, еңбектеу дағдысын қалыптастыру, тепетендік сақтау реакциясын, манипулятивті әрекетін, саусақпен қармап ұстау дағдыларын дамыту) жұмысын көздеуі тиіс.

Тіл дыбыстарын меңгеру қиындықтары артикуляциялық моторикасының зақымдалуымен түсіндіріледі. Церебралды сал ауыруы бар балаларда ана тілінің фонетикалық жағын меңгерудің алғашқы кезеңдерінде артикуляциялық қалыптың бұзылуы пайда болады. Артикуляциялық бұлшықеттерінің парезі мен параличі мен оральді праксисының бұзылуының салдарынан көптеген дыбыстар айтылмайды, бұзылып, шатастырып айтылады. Ерін бұлшықеттерінің зақымдалуының салдарынан дауысты дыбыстардың айтылуының бұзылуымен бірге дауыссыз дыбыстардың айтылуы бұзылады. Дауысты дыбыстардың ішінде лабиалданған дауыстылар ерекше бұзылады, өйткені олардың айтылуы еріннің ерекшеленген жұмысымен байланысты. Олар - О, У дыбыстары. Бұл дыбыстарды айтылуы еріннің белсенді қимылдарын талап етеді: ерінді дөңгелету, алдыға созу. Дауыссыз дыбыстардың арасында әсіресе еріндік жабысыңқы дыбыстардың айтылуы бұзылады (п, п , б, б , м, м). Тіл бұлшықеттерінің қозғалғыштығының шектелуінен дыбыс айтуының ауыр бұзылуы байқалады.

Бұл жағдайда тіл ұшының жоғары көтерілуі шектелген болады. Осының салдарынан көптеген дыбыстардың айтылуы бұзылады (л, р, ж, ш, ц, ч, д, т, т.б.). Одан ауыр бұзылыстар жұмсақ таңдай бұлшықеттерінің қозғалғыштығының шектелуінен пайда болады. Жұмсақ таңдай бұлшықеттерінің зақымдалуынан дауыста мұрындық ренк пайда болады.

Дизартрия кезінде көп жағдайда бет, мойын бұлшықеттерінің парезі орын алады. Бұл дыбыс айтуына кері әсер етеді [9].

Артикуляциялық бұлшықеттерінің қозғалғыштығының шектелуі дизартрияны түзету логопедиялық жұмысында арнайы жаттығуларды қолдануды қажет етеді.

Артикуляциялық бұлшықеттерінің дамыту жұмысын жүргізбес бұрын бет бұлшықеттерін дамыту мақсатымен арнайы жаттығулар жүргізіледі. Балаға көзін ашып, жұмуды, қабағын түюді, сілекейін жұтуды, аузын ашып, жабуды үйретеді. Егер балада шайнау қызметі дамымаған болса, логопед оған нан немесе печенье береді және айнаның алдында шайнауды үйретеді.

Дизартрия кезінде сөйлеу тілі бұзылыстары ауырлығына қарай төрт деңгейге бөлінеді:

- тексеру барысында логопедтің анықтаған дыбыс айтуының бұзылуы;
- бұзылыстардың бәрі байқайды, дегенмен баланың сөзі айналасындағыларға түсінікті;
- баланың сөзі тек жақын адамдарға, кейбір жағдайда ғана айналасындағыларға түсінікті болады;
- сөйлеу тілінің жоқ болуы – анартрия.

Дизартриясы бар балалармен логопедиялық жұмыс кешенді түрде жүргізілуі тиіс: дыбыс айтуының бұзылуы, дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастырумен, сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын және байланыстырып сөйлеуін дамытумен қатар жүруі керек. Жұмыстың ерекшелігі артикуляциялық массаж және гимнастика, логопедиялық ырғақ, емдік дене шынықтыру, физиотерапия және дәрі-дәрмекпен емдеу қатар жүруімен сипатталады [10].

Дизартриясы бар балалармен жүргізілетін жұмыс дизартрияның әртүріне тән сөйлеу тілі бұзылыстарының ерекшеліктері, жалпы және ұсақ моторикасының бұзылу тетіктері туралы білімге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруіне негізделеді.

Логопедиялық жұмысты кіші мектеп жасына дейін бастаған жөн.

Дыбыс айтуын түзету жұмысы келесі ережелерді ескеру негізінде жүргізіледі:

- 1) баланың жасы мен сөйлеу тілінің даму деңгейін, дизартрияның түрін ескеру.
- 2) Сөйлеу коммуникациясын дамыту. Дыбыс айтуын қалыптастыру қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған болуы керек.
- 3) Баланың мотивациясын дамыту, бұзылыстарын жоюға талаптану, өз өзін бақылау, өз күшіне сенімдігін арттыру.

4) Естіп қабылдау және дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.
5) Көру-кинетикалық сезімдерін дамыту негізінде артикуляциялық қалыптардың перцепциясын күшейту.

6) Кезең-кезеңмен жүргізу. Түзету жұмысы балада артикуляциясы аз болса да сақталған дыбыстардан басталады. Жұмыс ең алдымен онтогенезде ерте шығатын дыбыстардан басталады.

7) Сөйлеу тілі күрделі бұзылған жағдайда (баланың сөзі мүлдем түсініксіз) жұмыс жеке дыбыстар мен буындарды айтқызудан басталады. Егер баланың сөзі шамамен түсінікті болса және кейбір сөздерде бұзылған дыбыстарды айталатын болса, жұмыс осы "түйін сөздерден" басталады. Барлық жағдайда дыбыстарды барлық контексте және әртүрлі сөйлеу жағдайларында машықтандыру қажет.

8) Орталық жүйке жүйесі зақымдалған балаларда дыбыс айтуының ауыр бұзылыстарын алдын алуда сөйлеу тілі шыққанға дейін жүйелі логопедиялық жұмыстың маңызы зор.

Дизартриясы бар балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың негізгі міндеттері: 1. Дыбыс айтуға үйрету, яғни артикуляциялық моторикасын, сөйлеу кезінде тыныс алуын дамыту, дыбысты қою және машықтандыру. 2. Фонематикалық қабылдауын дамыту, дыбыстық талдау дағдыларын қалыптастыру. 3. Сөйлеу тілінің әуезділігін қалыпқа келтіру, яғни сөйлеу тілінің ырғақтылығының, екпінінің бұзылуын жою. 4. Жалпы сөйлеу тілі дамымауының көріністерін түзету.

Дизартриясы бар балалардың дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің бастапқы міндеті-дифференциалды түрде дыбыс айтуын қалыптастыру. Дыбыс айтуының бұзылу себебі сөйлеу аппаратының мүшелерінің толық немесе жартылай салдануы болғандықтан, логопедтің әрекеті артикуляциялық аппаратының қозғалғыштығын дамытуға бағытталған болуы керек. Бет бұлшықеттерінің иннервациясын қоздыру үшін, беттің мимикасын дамыту және артикуляциялық аппаратының қозғалғыштығын арттыру мақсатымен бет бұлшықеттеріне массаж жасалады. Келесі кезең- артикуляциялық аппаратына арналған белсенді гимнастика жүргізу.

Сөйлеу кезінде тыныс алуы мен дауысын дамыту. Тыныс алу жаттығуларының мақсаты — өкпенің көлемін ұлғайту, кеуде қуысының қозғалғыштығын жақсарту, баланы сөйлеу кезінде дем шығаруын тиімді қолдануға үйрету. Логопед өз денесінде дұрыс, қысқа және терең дем алу мен біркелкі ұзақ дем шығаруды көрсету керек. Диафрагмалды дем алуын бақылау үшін диафрагма аймағына қолды қою қажет.

Ұзақ дем шығаруын қалыптастыру үшін келесідей жаттығуларды жа-

сату тиімді: майшамға үрлеу, әртүрлі ойыншақтырды үрлеу, т.б. Барлық тыныс алу қимылдары бірқалыпты, музыканың сүйемелдеуімен немесе шот бойынша орындалуы керек. Жаттығулар тамақ алдында, жақсы желдетілген бөлмеде өткізілуі тиіс.

Бірнеше жаттығулар түрлерін қарастырайық:

1) Логопед баланың мұрнын қысып, жеке дыбыстарды немесе буындарды айт деп айтқанынша ауызбен дем алуын сұрайды.

2) Балаға ауызбен дем алу ұсынылады. Логопед баланың дем алуына кедергі келтіргендей 1-2 сек. қолын баланың кеудесіне қояды. Бұл тез және терең дем алуға, сонымен қатар ұзақ дем шығаруға ықпал етеді.

Бұл жаттығуларды 5-10 минуттан күнделікті өткізу ұсынылады. Бала дем шығару кезінде логопед әртүрлі дауысты дыбыстарды айтады. Төмендегідей дыбыс қатарларын айтуға ұсынады (сыбырлап және қатты дауыспен):

у__ау__уо__уа__;

о__оу__ао__оа__;

э__иу__ио__иа__;

и__эу__эо__эа__.

Содан кейін балаларға сүзілмелі дауыссыз дыбыстарды жеке және дауыстылармен бірге айтуға үйретеді:

ф__с__ш__х__;

аф__аш__ас__;

фо__со__шо__;

фи__си__сю__;

фа__са__ша__

Ауызбен дұрыс тыныс алуы қалыптасқаннан кейін дауыс жаттығуларына көшеді.

Логопедиялық жұмыстың ең қиын бөлігі дыбыс айтуын түзету жұмысы деп есептеледі. Алдында аталған жұмыс түрлері дыбыс айтуын қалыптастырудың дайындық кезеңі деп білеміз.

Қоятын және машықтандыратын дыбыстардың бірінші тобына артикуляциялық жеңіл және акустикалық алшақ фонемалар құрайды. Бұл з а, п, ә, қ, ғ, ө, н, х, в, о, т, с, л дыбыстары. Сонымен қатар осы фонемалар негізінде фонематикалық қабылдауы мен дыбыстық талдау дағдыларын дамыту жұмысы атқарылады.

Дыбысты қою барысында логопед сол дыбыстардың дұрыс нұсқасына жақын айтуын үйрету. Алғашқы сәтте дыбыстың қалыпты жағдайға жақын айтуды үйрену оны ажырату үшін маңызы зор, өйткені осылай дыбыстың артикуляциялық және есту бейнесінің байланысы қалыптасады.

Керек артикуляциялық қалыпқа жақындату және айтылуы дұрыс дыбысқа жақын нұсқасынан дұрыс айтуға көшу жүйелі түрде жүргізілген жаттығулар арқасында іске асады. Дыбысты кою жұмысымен қатар фонематикалық қабылдауын дамыту бойынша жүргізіледі. Балаларға дауысты дыбыстарды дауыстылар арасында ажыратуды, екі-үш дауыссыздардан құралған дыбыстық қатарды талдауды үйретеді.

Бұл кезеңде артикуляциялық белгілері бойынша бір-біріне қарсы дыбыстарды ажырату бойынша жаттығулар жүргізіледі. Осы жаттығуларды орындау нәтижесінде қалған дыбыстарды меңгерудің негізі қаланады.

Келесі түзетілетін дыбыстар тобы - артикуляциясы күрделі фонемалар (ызың, ұяң дауыссыздар, аффрикаттар және р дыбысы). Естіп қабылдауының екіншіреттік бұзылысы дыбыс айтуының бұзылуына қарағанда табысты болады. Келесі кезекте с-з, ш-ж, ц-ч, ч-щ, ч-т' дыбыстарын ажырату бойынша жұмыс жүргізіледі.

Балалардың фонемаларды қабылдау және ажырату қабілетін дамыту жұмысын бірнеше кезеңге бөлген тиімді деп санаймыз.

1) Тілдік дыбыстарды танып, ажырату кезеңіндегі қолданылатын тапсырмалар баланың есту зейіні мен есте сақтау қабілетін дамытады. Бұл тіл дыбыстарын ажыратуға үйретудің дайындық кезеңі деп айтуға болады.

Логопед балаларға даладан естілетін дыбыстарды тыңдайық деп ұсынады (ағаштардың тербелу кезіндегі шу, жел соғуының шуы, өтіп жатқан машиналардың, балалардың күлкісі, т.б.) және естіген дыбыстарды сипаттап берулерін сұрайды.

Ойынды қайта ойнатқан кезде көшеде қандай машина (жеңіл, жүк тасыйтын, т.б.), қай жаққа қарай өтті деп күрделенудіруге болады.

Логопед балаларды әртүрлі дыбыс шығаратын заттармен таныстырады (шыны ыдыстың ішіндегі ұсақ моншақ, қағазды умаждап жырту, допты жерге соғу, т.б.), содан кейін дәл осы әрекеттерді перде артында орындап, дыбыстарды тыңдатады. Балалар ненің дыбысын естіді, соны сипаттап берулері керек.

- Логопед үстел үстіне бірнеше заттар немесе дыбыстайтын ойыншықтар қояды. Сол дыбыстармен әрекет етеді (қарындашпен стаканды соғады, сылдырмақ сылдырлатады, ішіне тас салынған қорапты салдырлатады, т.б.). Балаларға әр зат шығаратын дыбысты есте сақтандар деп тапсырма береді. Содан кейін ол заттарды пердемен жауып, қай заттың дыбысын естігендерін айтуын сұрайды.

2) Балалар дауыстың жоғарылығына, күшіне, тембіріне қарай бірдей дыбыстарды, дыбыс тіркестерін, сөздерді, фразаларды ажыратуға

үйренеді. Бұл дағдыларды меңгеру үшін төмендегі тапсырмаларды қолдануға болады:

- Логопед алдымен өзі көрсетіп, содан кейін балалардан бір дыбыстың сипатын, тембрін, эмоционалды бояуын өзгертіп айтуын сұрайды.

- А –а - а – қыз жылайды; әнші әндетеді; анасы баласын әлдилейді; ауырған кезде айқайлады.

- О-о-о – таңқалу; сүйсіну; рахаттану, т.б.

- У-у-у – паровоздың дауысы; баланың жылауы; сыбызғыда ойнау, т.б.

- Дауыстың жоғарылығына қарай қандай сыбызғы ойнап жатқанын анықтауын сұрайды: үлкен (ду-ду-ду- төмен дауыспен), кішкентай (жоғары дауыспен).

3) Буындарды ажырату кезеңіндегі қолданылатын тапсырмалар.

- Логопед буын тіркестерін айтады, мысалы, ма–ма–на. Балалар қай буын артық екенін ажыратулары тиіс (на).

- Содан кейін буын тіркесі күрделендіріледі: ма–мо–ма; па–па–ба–па; га–ға–га–га–га , қа–ға–ға–ға–ға, т.б.

- Бірдей дауыссыз және әр түрлі дауысты дыбыстардан құралған буын тіркестерін қайталау:

па–по–пы	та–ту–то
на–ну–но	ду–до–да
ма–мо–му	ты–та–то, т.б.

- Бірдей дауысты және әр түрлі дауыссыздардан құралған буын тіркестерін қайталау:

па–та–ка	ба–ва–та
ба–да–га	за–на–фа
ма–на–да	ха–ва–фа, т.б.

Басқа дауыссыз дыбыстармен дәл осындай тіркестерді қайталау қажет.

- Ұяң және қатаң дауыссыздарды ажырату.

Па – ба	па – ба – па
По – бо	по – бо – по
Пу – бу	пу – бу – пу

(басқа жұп дауыссыздармен осындай жұмыс жүргізіледі).

- Қатар келген дауыссыздардан құралған буын тіркестерін қайталау:

на – пна	па – нпа	ва – пфа	па – фпа
та – кта	ка – тка	та – пта	на – тна

(о, у, ы, ө, ә дыбыстармен дәл осындай тіркестер қайталады).

3 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖАҒЫН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Сөйлеу тілінің жасалу процесінің грамматикалық операциялары аса күрделі және талдау-жинақтау әрекетінің дамуының жоғары деңгейін қажет етеді. Грамматикалық құрылымды меңгеру қиындықтары мен кезектілігі бірнеше себептермен түсіндіріледі: баланың жас ерекшелігі, сөйлеу тілінің морфологиялық және синтаксистік жағын меңгеру заңдылықтары, грамматикалық жүйенің қиындығы, әсіресе морфологияның. Дизартрияда тілдің белгілік формасын меңгеру, тіл заңдылықтары негізіндегі белгілерді кезектестіру, сөйлеу тілінің жасалу процесіндегі белгілерді әртүрлі қолдануы бұзылады.

Сөзжасам, сөз өзгертудің грамматикалық формалары, сөйлем түрлері дизартриясы бар балаларда әдеттегідей, сөйлеу тілінің қалыпты даму заңдылығы бойынша жүреді. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын меңгеру ерекшелігі сөйлеу тілінің жалпы дамуындағы мынандай бұзылушылықтарда байқалады: баяу меңгеруде, тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйесінің дамуындағы дисгармонияда, семантикалық және формалды-тілдік компоненттердің толықсыздығында.

Дизартриясы бар балалардың сөйлеу тілін талдай келе Л.В. Лопатина мен Н.В. Серебрякова [3], оларда морфологиялық және синтаксистік бірліктерді меңгерудегі бұзылыстарын анықтаған. Ол балаларда өз ойын жеткізуде грамматикалық құралдарды іріктеуде және оларды кезектестірудегі қиындықтарды анықтаған. Осы орайда, авторлар балалардың ауызша сөйлеу тіліндегі аграмматизмдерді фонемаларды өзгерту және ажыратудағы қиындықтармен байланыстырады. Мысалы, [ы] - [и] дыбыстарын ажырату бұзылыстары, жуан және жіңішке дауыссыздарды ажыратудағы, сонор дыбыстарын [ль] - [й] ажыратудағы қиындықтар флексиялардағы өзгерістерге әкеп соғады (орыс тілді балаларда: у белкы, с собаколь).

Мектепке дейінгі жастағы дизартриясы бар балаларда морфемаларды көп шатастырады, яғни семантикалық жағынан алыс, сонымен қоса морфемалық парадигмаға кірмейтін бір мағыналық морфемалық парафазиялар.

Мектепке дейінгі жастағы дизартриясы бар 6 жастағы балалардың сөз өзгерту формаларының ішінде сөйлемдегі және зат есімдердің көпше түріндегі септік жалғаулардың, өткен шақтағы етістіктерді өзгерту құрамдарындағы, сын есімді зат есіммен сан есіммен және септіктерде үйлестірудегі (орыс тілді балалар үшін) қиындықтар жеке орынға ие [8].

Дизартриясы бар балаларда сөздің туындауында моторлы және тілдік деңгейде бұзылыстар байқалады. Грамматикалық операциялардың жасалуындағы бұзылыстар дизартриясы бар балаларда көптеген морфологиялық аграмматизмдерге әкеліп соғады; морфеманы бөлудегі, морфеманың мағынасы. Оның дыбыстық бейнесімен сәйкестендірудегі қиындықта байқалады.

Дизартриясы бар балаларда сөз өзгерту процесінде «генерализация» процестері жеткіліксіз қызмет жасайды, яғни тілдің морфологиялық жүйесінің ережелері мен заңдылықтарын анықтау мен сөз тудыру кезінде оларды жалпылау. Мектепке дейінгі жастағы дизартриясы бар балалардың форма жасау процесі тілдік асимметриямен сипатталады, яғни тіл белгілерінің құрамындағы біркелкілік пен қызметіндегі кемшіліктер.

Дизартриясы бар балаларда сөздің дыбыстық құрамында жеткіліксіз бағыттаушылық ана тілінің морфологиялық жүйесін меңгеруіне кері әсерін тигізеді [11].

Көптеген авторлардың айтуынша ең тұрақты ерекшеліктерге аграмматизмдер жатады. Л.В. Мелехова белгілегендей аграмматизмдердің саны сөз қорының көбеюіне қарай кеңейеді.

Дизартриясы бар балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын зерттеп, ерекшеліктерін анықтап біз келесідей жетілдіру жолдарын ұсынып отырмыз. Ол үшін арнайы іріктеліп алынған және бейімделген әдістемелер алынады: сөзжасам дағдыларын дамыту; сөз өзгерту дағдыларын дамыту; сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру.

Дизартриясы бар балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған әдістемелер

1 тапсырма

Мақсаты: Баланың реттік сан есімнің жұрнақтарын дұрыс қолдану дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдық: жануарлардың суреттері.

Сипаттамасы: балалардың алдына суреттер белгілі реттілікпен тізіліп қойылады, олардың кезектілігін атап беруі өтінеді.

Нұсқауы: жануарлардың реттілігін атап бер.

Ескерту: Түйе бірінші тұр, жылқы нешінші тұр? Сиыр нешінші тұр? – деген сұрақтар қойып, балаға көмек беріледі.

2 тапсырма

Мақсаты: Баланың реттік сан есімнің жұрнақтарын ажырату дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдық: 1-ден 20-ға дейінгі сандар, реттік сан есімнің жұрнақтары.

Сипаттамасы: балаға 1-ден 10-ға дейінгі сандары бар жолақша және реттік сан есімнің жұрнақтары жазылған парақша беріліп, әр санның өзіне тән жұрнағын табуын өтінеді.

Нұсқауы: берілген сандар мен оларға сәйкес жұрнақтарды тауып, сызықпен қосып көрсет.

Ескерту: егер балада тапсырманы орындауда қиындық туындап жатса, оған мұғалім бір санды жұрнағымен байланыстырып көрсетеді.

3 тапсырма

Мақсаты: баланың –шы, -ші жұрнақтарын пайдалану арқылы мамандық иелерін білдіретін сөздерді жасау дағдыларын дамыту.

Құрал-жабдықтар: мамандық иелерінің суреттері.

Сипаттамасы: балаларға мамандық иелерінің суреттері беріледі және сұраққа жауап беру арқылы оларды атауын өтінеді.

Нұсқауы: мен қойған сұрақтарға жауап бер және аталған мамандық иелерінің суретін көрсет.

(Киім тігетін адамды кім деп атаймыз?

Үй салатын адамды кім деп атайды?

Көлік жүргізетін адамды кім деп атаймыз?

Дүкенде жұмыс істейтін адамды кім деп атайды?

Домбырада ойнайтын адамды қалай атайды?)

4 тапсырма

Мақсаты: Суреттерді қосу арқылы біріккен сөздерді жасау дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдық: 40 саны және тас, бақа, аяқ, бас, бұзау, барыс, жолдың суреттері.

Сипаттамасы: балаларға тас, 40 саны, бақа, аяқ, бас, бұзау, барыс, жолдың суреттері беріліп, оларды өзара қосып біріккен сөздер жасауын сұрайды.

Нұсқауы: берілген суреттерді біріктіре отырып, жануардың атауын шығар.

5 тапсырма

Мақсаты: зат есімдерге тиісті жұрнақтарын жалғап, туынды етістік жасау дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдық: бас, көз, қол, аяқ, тіс, сабын, тұз, ара, қап, ара, шеге, арқанның суреттері және – ла, -ле, -да, -де, - та, -те жұрнақтары.

Сипаттамасы: балаларға зат атауларының суреттері мен олардан туынды етістік жасайтын жұрнақтар жазылған парақша беріледі.

Нұсқауы: суреттегі зат атауларына -ла,-ле, -да,-де,-та,-те жұрнақтарының тиістісін жалғап, туынды етістік жаса.

6 тапсырма

Мақсаты: сын есім тудыратын негізгі жұрнақтарды (-дай, - дей, - тай, -тей) пайдалану дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдық: суреттер, -дай, - дей, - тай, -тей жұрнақтары.

Сипаттамасы: балаларға есім сөздердің суреттері мен олардан сын есім жасайтын жұрнақтар жазылған парақша беріледі.

Нұсқауы: Мына тұрған суреттерді маған атап берші. Ал енді осы сөздерге –дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтарының қайсысы сәйкес келетінін анықтап көрейікші? (әр жұрнақты әр сөзге жалғап айтып шығып, дұрыс таңдау).

7 тапсырма

Мақсаты: бірнеше зат есімге бір жұрнақ жалғап туынды зат есім жасау дағдыларын дамыту.

Құрал-жабдықтар: бірнеше зат есім жазылған сызба, жұрнақтар.

Сипаттамасы: балаларға бірнеше зат есімдер және сол зат есімдерге ортақ жұрнақтар жазылған парақша ұсынылады.

Нұсқауы: мына сызбадағы зат есімдерге ортақ жұрнақты тауып қой.

Ескерту: егер балаға тапсырма түсініксіз болса, онда мұғалім бір сызбаға мысал келтіреді.

Дизартриясы бар балалардың сөз өзгерту дағдыларын дамытуға арналған әдістемелер

1 Тапсырма

Мақсаты: Зат есім сөздерде көптік жалғауларды қолдану дағдыларын дамыту.

Нұсқау: Мен саған допты лақтырып, сөздің жекеше түрін айтамын, ал сен сөздің көпше түрін айтып, допты маған кері лақтыр.

Құрал-жабдық: Доп

Реті	Ұсынылған сөздер	Баланың жауабы
1	Кітап (тар)	
2	Бала (лар)	
3	Қалам (дар)	
4	Гүл (дер)	
5	Үйрек (тер)	
6	Биші(лер)	
7	Жастық (тар)	

2 Тапсырма

Мақсаты: Зат есім сөздерді жекеше түрде жіктік жалғауда қолдану дағдыларын дамыту.

Нұсқау: Біз қазір «Мен, сен, ол» ойынын ойнаймыз. Сен өзінді «мен» деп айтасың, мына қуыршақты «сен» деп, ал мына қуыршақты «ол» деп айтасың. Мен саған бір сөзбен айтамын сен оны «мен, сен, ол» сөздерге қосып айтасың.

Құрал-жабдық: Екі қуыршақ

Реті	Ұсынылған сөздер	Баланың жауабы
1	Сатушы	Мен -Сен - Ол -
2	Дәрігер	Мен -Сен - Ол -
3	Логопед	Мен -Сен - Ол -
4	Ұстаз	Мен - Сен - Ол -
5	Бастық	Мен - Сен - Ол -

3 Тапсырма

Мақсаты: Тәуелдік жалғауды жекеше түрде қолдану дағдыларын дамыту.

Нұсқау: біз «менің, сенің, оның» ойынын ойнаймыз. Сен өзінді «менің», мына қуыршақты «сенің», ал мына қуыршақты «оның» деп айтасың. Мен саған бір сөз айтамын.

Құрал-жабдық: Екі қуыршақ

Реті	Ұсынылған сөздер	Баланың жауабы
1	Айна	Менің - Сенің - Оның -
2	Көйлек	Менің - Сенің - Оның -
3	Тон	Менің - Сенің - Оның -

4	Шырша	Менің – Сенің – Оның -
5	Ойыншық	Менің – Сенің – Оның -

4 Тапсырма

Мақсаты: Септік жалғауды қолдану дағдыларын дамыту.

Нұсқау: Мен саған суреттер көрсетемін. Ал, сен маған сол суретті әңгімелеп айтып бер.

Құрал-жабдық: Әр септік түрлеріне байланысты сюжетті суреттер

Реті	Ұсынылған суреттер	Баланың жауабы
1	Мұғалім сабақ өтіп жатыр	
2	Қыздың көйлегі	
3	Ұл мамасына гүл берді	
4	Қыз ұлды жолдан өткізді	
5	Алма себетте	
6	Ұл иттен қорықты	
7	Бала анасымен жүр	

Дизартриясы бар балалардың сөйлем құрау дағдыларын дамытуға арналған әдістемелер

1 Тапсырма

Мақсаты: баланың фраза деңгейінде (суретте бейнеленген әрекет бойынша) аяқталған адекватты сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: балаға кезек-кезек бірнеше (5-6) сурет ұсынылады. Олардың мазмұны төмендегідей болуы мүмкін:

- 1) «Ұл гүлдерді суғарып жатыр»;
- 2) «Қыз көбелек аулап жүр»;
- 3) «Ұл балық аулап жатыр»;
- 4) «Қыз шана теуіп жүр»;
- 5) «Қыз арбамен бөпені сүйретіп жүр» т.б.

Нұсқау: «Мына суретте не бейнеленген?».

2 Тапсырма

Мақсаты: баланың заттар арасындағы логикалық-мағыналық қатынастарды белгілеп аяқталған фраза түрінде айту қабілетін дамыту.

Сипаттамасы: балаға үш сурет ұсынылады, ол үшеуін де қатыстырып сөйлем құрастыруы керек.

Нұсқау: «Мына үш сурет бойынша әңгіме құрастыр» (мысалы, «қыз», «себет», «орман»)

Ескерту: Тапсырманы жеңілдету үшін көмекші сұрақ беріледі: «Қыз

не істеді?» Баланың алдында міндет тұр: әр суреттің семантикалық мағынасы және педагогтың сұрағы негізінде аяқталған фраза түрінде құрастырып айту.

3 Тапсырма

Мақсаты: құрылымы қарапайым және шағын көлемді әдеби мәтінді айтып беру мүмкіндігін жетілдіру.

Сипаттамасы: Мәгін екі рет оқылады; қайталап оқу алдында балалар өздері айтып беретіндерін естеріне салу. Авторлық шығармаларды қолданғанда қайталап оқығаннан соң, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар (3-4) қойылады.

Нұсқау: Мен ертегі оқимын, сен мұқият тында. Сонан соң өзін айтып бересін.

Құрал-жабдықтар: «Шалқан», «Бауырсақ» т.б. ертегілердің мәтіні.

4 Тапсырма

Мақсаты: кезектіліктегі фрагмент-эпизодтардың мазмұны негізінде байланыстырылған сюжетті әңгіме құрастыру мүмкіндігін жетілдіру.

Сипаттамасы: Әңгіме мазмұнының суреттері рет-ретімен орналастырылады, балаға анықтап қарап, есіне сақтап, әңгіме құрастыру ұсынылады.

Алдын ала жұмыс: Серияның әрбір суретінің мазмұны талданып, мағынасы түсіндіріледі.

Нұсқау: Суреттерге қара, есіне сақта, әңгімелеп айт.

Құрал-жабдықтар: Ертегі мәтіні бойынша үш-төрт суреттен құралған сериясы.

5 Тапсырма

Мақсаты: өзінің тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру білігін, байланыстырылған фразалық және монологтық сөйлеу тілін меңгеру дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: Балаға өзіне жақын, балабақшадағы («Біздің аулада», «Ауладағы ойындар») әрекеттері тақырыбында әңгіме құрастыру ұсынылады.

Нұсқау: Балабақшада болғанда далаға шыққанда не істейтіндерінді әңгімелеп айтып берші.

6 Тапсырма

Мақсаты: Сипаттама әңгіме құрастыру дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: Нұсқау: Затқа қарап, ұсынылған сұрақтар жоспары бойынша әңгіме құра.

Құрал-жабдықтар: Негізгі бөліктері мен белгілері нақты көрсетілген заттардың моделдері немесе графикалық бейнелері (ит, мысық, машина т.б.).

4 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

Сөйлеу тілінің лексикалық жағының дамуы – ұзақ мерзімді процесс, ол сөз қорын сапалы жинау, сөздердің әлеуметтік мағынасын меңгеру және оларды нақты жағдайда дұрыс қолдана білу қабілетінің дамуын қамтиды. Сөздер қарым-қатынастың мазмұнын құрайды. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін еркін қолдану, ең алдымен сөздік қорының жеткілікті деңгейіне негізделеді. Сөздік қорын игеру дүниетаным түсініктерін анықталуы мен жинақталуын, ұғымдардың қалыптасуын, ойлау іс-әрекетінің дамуын қамтамасыз етеді, себебі сөздің лексикалық мағынасын меңгеру талдау, біріктіру, жалпылау сияқты операциялар негізінде өтеді. Сөздік қорының кедейлігі баланың қарым-қатынас және жалпы психикалық дамуына кедергі болып, өмір сапасын күрт төмендетеді. Керісінше, сөздік қорының байлығы жоғары деңгейде дамыған сөйлеу тілінің ең басты сипаттардың бірі, ойлау дамуының көрсеткіші болып табылады.

Сөйлеу тілінің лексикалық жағын дұрыс және дер кезінде қалыптастыру – жалпы сөйлеу тілін дамытудың және мектепке дайындықтың маңызды жағы.

Сөздердің мағынасын меңгеру және сөздік қорын жинақтауға бағытталған жұмыс баланың дүниетанымын кеңейтеді, сезімдерін күшейтеді, әлеуметтік тәжірибесін толықтырып, оны ұйымдастырады. Мұның барлығы мектепке дейінгі кезде аса маңызды, себебі дәл осы уақытта ойлау және сөйлеудің негіздері дамиды, әлеуметтік қарым-қатынас байланыстары қаланады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Мектепке дейінгі балалардың лексикасын дамыту жұмысының мақсаты - балаларды айналасындағы заттармен таныстырып, заттың атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым- түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Лексикалық қоры жетілмеген балалар оқуда өз ойларын дұрыс жеткізе алмай қиналады, тапсырмалардың мағынасын түсінбейді, құрбыларымен, мұғалімдермен толыққанды араласып, әрекеттенбейді.

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуда айналамен танысу, бақылау, экскурсия сияқты сабақтардың және жалпы таным

іс-әрекетінің белсенді болуының үлкен маңызы бар. Таным іс-әрекет арқылы, сабақтарда бақылауға, әңгімеге қатысу арқылы балалардың білім-түсініктері дами түседі. Айналаны тану барысында балалар заттардың, құбылыстардың нақты атауларын, олардың қасиеттері мен байланыс-қатынастарын түсініп, сөзбен байланыстырады. Олар айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, сөздік қорын жинақтайды, сол арқылы белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйренеді.

Нақты айтқанда, сөздік қорын түзету және дамыту жұмысының мазмұны балабақшадағы бағдарламаның барлық бөлімдерімен байланысы бар, ол балалардың барлық іс-әрекетінде жүргізіледі, яғни бұл жұмыс жеке-жеке жаттығулар жиынтығы емес, ол педагог пен баланың мағыналы, бірыңғай іс-әрекеті, ол жалпы педагогикалық түзете-дамыту үдерісінің және балалардың барлық күнделікті тіршілік әрекеттер мен әлеуметтік байланыстар жүесінің біртұтас бөлігі болып табылады.

Дизартриясы бар балалардың лексикалық бұзылыстары сөйлеу тілінің жалпы дамымауының негізгі көрсеткіші, сондықтан да лексиканы дамыту жұмысы кешенді түрде жүргізіледі, оның құрамына сөйлеу тілінің жалпы дамымауын жоюға бағытталған түзету технологиялар және балалардың сөйлеу тілі кемістігінің-дизартрияның құрамына байланысты жүргізілетін жеке сабақтар кіреді.

Сөйлеу тілі бұзылған балалардың лексикалық ерекшеліктерін зерттеуде лексика және оның дамуы жайлы психологиялық және психолингвистикалық түсініктерін қолдану маңызды. Лексиканың негізгі аспектілеріне назар аударады: сөздік қорының көлеміне, сөздің мағынасын түсіну деңгейіне және сөздің лексикалық компоненттердің дамуына, сөздің жалпылау қызметінің дамуына, түсініктердің қалыптасуына, түсініктердің семантикалық өрісінің дамуына.

Балалардың лексикасын дамыту жұмысы таным әрекетімен тығыз байланысты, дегенімен бұл жұмыс біріншіден - тілдік, яғни сөздік жұмысы. Бұл сөзбен жұмыс жасауда сөздің өзіндік сипаттамаларына үлкен мән беру керек екенін айтады, мысалы сөздің көп мағыналылығына, синоним, антоним қатынастарына және тағы сол сияқты ерекшеліктеріне.

Сөздік қорын дамыту жұмысының қағидалары:

1) Лексиканы дамыту баланың таным әрекетімен, қоршаған орта туралы түсініктерінің кеңеюімен тығыз байланысты болуы шарт;

2) Лексикалық жұмыс сөйлеу тілінің басқа компоненттеріне жүргізілетін жұмысынан бөлінбеуі қажет.

3) Баланың сөздік қоры ойлау операциялардың дамуымен қатар дамиды;

4) Лексиканы дамытуда сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналардың байланыстарына ерекше мән беріледі.

5) Лексиканы дамытудың басты мақсаты – сөздердің толыққанды семантикалық аяларын қалыптастыру.

Сөйлеу тілі лексикалық жағын дамытудың басты бағыттары: айналадағы заттар мен құбылыстар туралы түсініктерді кеңейту, ұғымдарды қалыптастыру; сөздің көп мағыналығын ашып қарастыру; синоним және антоним қорын қалыптастыру; сөздерді байланыстырып сөйлеуде дұрыс қолдануды жаттықтыру.

Сөйлеу тілі лексикалық жағын дамыту барысында сөз және сөздің мағынасы туралы психоллингвистикалық түсініктерді есепке алады, лексиканың даму онтогенезін және балалардың жеке және дифференциалды ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму деңгейін ескереді.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған жұмыстың жалпы міндеті - сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөйлеуінде дұрыс қолдану. Сөз - тілдің басты құралы. Сөз арқылы заттың, түрлі құбылыстың, қимыл-әрекеттердің және т.б. атайды. Әрбір сөздің білдіретін жеке ұғымы болады. Мысалы: қар деген сөздің білдіретін ұғымы — түсі ақ, салқын, еріп, суға айналатын зат. Әрбір сөзді игеру - бұл сол сөзге байланысты түрлі қатынастардың күрделі жүйесін меңгеру, ол заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерін ажыратуды, арасындағы қатынас пен байланыстарды белгілеуді талап етеді. Балалар естіген сөздерді танып, түсіну керек, сөздерді таңдай білу және мағынасы мен құрамына қарай дұрыс қолдана білу қажет.

Сөзді меңгеру келесі ретпен жүзіге асады: а) сөздің айтылуын анықтап алу; б) сөзді түрлі сөз тіркестерде, сөйлемдер ішінде айту; в) сөзге синоним, антоним таңдай білуді жаттықтыру; г) сөздің белсенді қолдануын бекіту.

Өзіндік мағынасы мен грамматикалық белгілеріне қарай сөздер лексикалық-грамматикалық категорияларға – сөз таптарына топтастырылады. Сөз таптары түрлі келеді: біреулері- лексикалық заттық мағыналарды білдіреді, ал басқалары – грамматикалық мағыналарды белгілейді, олар сөздерді бір-бірімен байланыстыруға көмектеседі. Сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналармен қатар, эмоциялық-экспрессиялық мағынасы болады. Сөйлеудің лексикалық

жағын дамыту барысында сөздің осындай көп қырлы болатынын ескеріп, жұмысты бірнеше бағыт бойынша жоспарлау қажет: 1) жаңа сөздер мен олардың мағыналарын меңгеру, яғни сөздік қорының сандық құрамын арттыру; 2) сөздердің мағыналық жағын, қатына-байланыстарын, қырсырын меңгеру, яғни сөздік қорының сапалық құрамын арттыру; 3) сөздік қорды белсендіру.

Дизартриясы бар балалардың лексикалық жүйелі түсініктерін қалыптастыруға бағытталған логопедиялық жұмыстың мазмұны мен құрылысы түрлі факторларға қатысты анықталады: сөйлеу бірліктерінің онтогенез заңы бойынша пайда болу уақыты, сөйлеу кемістігінің құрылыс ерекшеліктері, баланың жалпы психикалық-соматикалық жағдайы және т.б.

Логопедиялық түзету жұмысының екі кезеңін атауға болады. Бірінші кезеңде лексикалық бірліктердің қорын жинақталуына көңіл бөлу қажет. Ал екінші кезеңде сол лексикалық бірліктерді баланың санасында жүйеленуіне, реттелуіне ықпал жасау керек. Әрине, лексикалық жүйенің онтогенездік даму жолында мұндай бөлініс жоқ, тілдік бірліктер желілі бағыныштықпен қалыптаспайды. Бала сөздік қорын кеңейтумен бірге сөздер арасындағы қарапайым мағыналық қатынастарын меңгере бастайды, олардың тектік және түрлік қатынастарын, антоним, синоним байланыстарын, тұтас зат пен оның бөлшегі арасындағы қатынастарды және т.с.с. Сол себептен бірінші кезеңнің өзінде сөздер арасындағы байланыстардың дұрыс қалыптасуына мән беру керек. Сөздік жұмысының барлық бағыттары (сөздік қорының анықталуы, кеңеюі, бекітуі, белсенуі) бір-бірімен байланысты, яғни әр кезеңде олардың барлығы қатар жүзеге асырылуы қажет.

Дегенмен, әр кезеңде жүргізілетін сөздік жұмысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мектепке дейінгі екінші кіші топтағы балалармен сөздік жұмыстың басты мақсаты – сөздік қорын жинақталуы. Бұл мақсатқа балалардың айналадағы заттарды зерттеу, оларды тану процесін дұрыс ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады. Заттың белгісін тауып қолдануға үйретуді балаға өте таныс зат пен оның белгісі, сапасынан бастау пайдалы. Мысалы: - Қуыршақтар қандай болады? - Өдемі, үлкен, кіші, жаман, жақсы. - Ит қандай болады? - Үлкен, кіші, ақылды, ұлығиш, аңшы т.б. - Мысық қандай болады? - Сүйкімді, ерке, үлкен, кіші, ойнағыш т.б. Бұл кезеңдегі жұмыс барысында бейнелі көрнекілікті пайдалануға басты роль беріледі және педагогтың дұрыс сөйлеуінің де үлкен маңызы бар.

Ортаңғы тобында сөздердің анық айтылуына, дұрыс түсінуіне және қолдана білуіне көбірек мән береді. Заттардың белгілері мен сипаттарын

аңықтау мен атауларын дұрыс айтуды қадағалайды. Бұл топта сөздіктің жинақталуын жалғастырады, және оның белсенді қолдануына барынша ықпал жасайды. Сөздік жұмыс балалардың белсенді түрде қолдана бастаған сөздерінің санының артуын көздей жүргізіледі. Сонымен қатар, балалардағы жалпылау сөздіктің кеңеюіне және қарсы мәнді сөздерді қолдануды үйренулеріне ерекше мән беру қажет. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына орай жұмыста ыңғайлы әдіс-тәсілдер таңдап алып, ойыншықтарды салыстыру, бейне суреттерді сипаттаумен қатар, түрлі дидактикалық ойындар мен лексикалық жаттығуларды көбірек пайдаланса да болады. Мысалы, айтылған белгісі арқылы заттың өзін табуды келесі жаттығу арқылы үйретуге болады: - Қабаған, ақылды, ұлығыш, үй күзететін не? - Ит. - Көп бұтақты, тікенек жапырақты, қысы жазы жасыл, биік не? - Шырша. - Биік, ақ, жапырақты, бұтақты не? - Қайың.

Етістіктерді белсендіру үшін заттарға сай қимыл-әрекеттерді іріктеуге бағытталған жаттығуды пайдаланады: «Кепсер не үшін қажет? (Тамақ салып беру үшін, араластыру үшін). Сыпырғымен не істейді? (Сыпырады, тазалайды). «Кім тапқыр?» ойынында заттық қимылын тапқызу: - Адам не істейді? - Сөйлейді, жүреді, жатады, тұрады, билейді т. б. - Жел не істейді? - Шанды бұрқыратады, ағашты қозғайды, жапырақтарды ұшырады т.б. «Ұқсас пен әр түрлі» жаттығуда заттарды өзара салыстырады, мысалы екі құыршақты: «Бір-біріне ұқсайды, оларды қай жері бірдей? Қандай айырмашылықтары бар?». Балалар құыршақтарға мұқият қарап, көздерінің түсін, шаштарының ұзындығын, киімдерін салыстырып, ұқсас және айырма белгілерін атайды.

Сурет бойынша әңгіме құрастыруда балалардың сын есімдерді қолдануын қадағалайды, «Қыс (қар, жапырақтар, доп, орындық және т.б.) қандай? Ол туралы не деуге болады? Қыс суық, қарлы, аязды деп айтуға бола ма? Тағы қандай сөзбен айтуға болады?» деген жетелеуші сұрақтар қояды. Келесіде осылайша әңгімеленген зат туралы бір қатар нақты сұрақтарды қойып сұрайды: «Бұл не? Ол қандай? Ол не үшін керек? Қай кезде болады? Онымен не істеуге болады? және т.с.с.». Мұндай сөздік жұмыс баланың затты толықша сипаттауға жаттықтырады, баланың зат белгілері мен қасиеттерін белгілейтін сөздерді қаншалықты меңгергенін «Менің ойыншығымды тап» деген дидактикалық ойынында байқауға болады. Бұл ойында әр бала қандай да бір ойыншық (немесе басқа зат) туралы жұмбақтап айту керек, ол ойыншықтың (заттың) барлық білетін сипаттарын айтып шығады және сол сипаттарды байланыстырып сөйлеу түрінде жеткізеді, ал басқалары заттың атауын табу керек.

Балаға жаңа сөз үйрету, үйренген сөзді қолдану жағына көңіл бөле отырып, сөз санын белгілеп, сабақ тақырыбын баланың нені игергенін, нені игерту керектігі ескертіледі. Осылайша баланы үйренген сөзді саналы қолдана білуге, жаңа сөздермен сөз қорын молайту дәрежесіне жеткізуді мақсат ету қажет. Үйренген сөзді қолдана білуге үйрету, сабақта және сабақтан тыс әр алуан серуен, ойын, еңбек процесіндегі жаттығу жұмыстарында іске асырылады.

Мектепке дейінгі ересек тобында лексиканы дамытуда сөздердің мағынасын ұғыну, сөздерді мағынасына қарай орынды және белсенді қолдануды дағдыландыру жұмысы жалғасады. Балалармен түрлі лексикалық сөздік-логикалық ойындар мен жаттығулар өткізіледі. Әдебиетте мұндай жаттығулар берілген, атап айтатын болса Е. И. Тихеева, А.М. Леушина, А.П. Усова, М.А. Аманбаева, З.З. Оразбаева, Б. Шалабай және т.б. авторлардың еңбектерінен көрсек болады [12, 13]. Бұл жаттығулардың басты мақсаты - балалардың назарын сөзге, оның мағынасына аударту, сөзге зейін қоюды тұрақтандыру, сөзді дұрыс қолдануды жаттықтыру. Жаттығуларды өткізудің басты әдісі сұрақты қою, ал негізгі шарты - сұрақтарды дұрыс қою. Өйткені балалардың ойлау іс-әректінің мазмұны мен бағыты сұрақтың қойылуына тәуелді. Сұрақ баланы белсенді ойлануға итермелеу керек. Сұрақтарды қою арқылы балалардан білгенін айтуды ғана талап етпейді, оларды жалпылау, салыстыру, басты белгісін табу, өз ойын дұрыс тұжырымдауға үйрету қажет. Тікелей сұрақтардан басқа да сұрақтарын қою керек: «Осыны қалай басқа сөзбен айтуға болады? Кім басқаша айтады? Қалай толықтырсақ болады? Дұрысырақ қалай айтуға болады? және т.с.с. Балаларға өзгелердің жауаптарын талқылауға, дұрысын таңдауға, қатесін табуға мүмкіндік беру керек. «Сен неге солай ойлайсың? Оны қалай түсінесің? Солай айту керек екенін қалай білдің?» деген сұрақтарды көбірек қоя беру балалардың өз пікірін айтудың қажеттілігін тұрақтандырады.

Мұндай жұмысты сөздің дыбыстық құрамын талдауымен де байланыстыра өткізу пайдалы, әсіресе дизартриясы бар балалар үшін. Мысалы, «Әсем қандай қыз?» деген сұрақ беріледі. Әсем сөзінің әрбір дыбысынан Әсемнің бойындағы жақсы қасиеттері тауып іріктеледі: Ә- әдемі, әдепті, әділетті; С- сұлу, сүйкімді, сезімтал; Е- епті, еңбекқор, елгезек; М- мейірімді, мәдениетті, момын. Сосын осы сөздерді тірек ретінде пайдалана отырып, «Әсем» деген тақырыпта мәтін құраса болады: *Әсем әдемі, әрі әдепті қыз. Әсем өте сұлу да, сүйкімді. Оның сүйкімді қылықтары өте көп. Айтар болсам ол епті, еңбекқор, елгезек.*

Ол үлкенге де, кішіге де мейірімді. Ол-мәдениетті қыз. Әсемнің мінезі де салмақты. Әсемнен мықты дос шығады. «Сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз тудыру», «Сөзден басқа сөз шығар» ойынды жүргізуге болады. Мысалы: «Қарындас», сөздерін ұсынады. Балалар «Қарындас» сөзінен мүмкіндігінше жана сөздерді жасап айтады: қар, қара, қас, ара, нан, ана, садақ, арық және т.б.

Әдетте, лексиалық жаттығулар тіл дамыту, байланыстыра сөйлеуді дамыту және көркем әдебиетпен таныстыру сабақтарына енгізіледі. Мысалы, байланыстыра сөйлеуді дамытудың белгілі бір сабағы 20 минутқа есептелген болса, оның 2 минуттан 10 минутқа дейінгі мөлшерін арнайы лексиалық жаттығуларға пайдалануға болады; жазушының лексикасын түсіндіру керек болған жағдайда лексиалық жаттығулар көркем әдебиетпен таныстыру сабақтарына енгізіледі.

Лексика бойынша арнайы жаттығулардың нақты *лингвистикалық міндеттері* болады:

- 1) сөздің жалпылау мағынасын түсінуді дамыту;
- 2) «тұтас және оның бөліктері» қатынасын түсіндіруді дамыту;
- 3) сөздің дерексіз мағынасын түсінуді дамыту;
- 4) морфология саласынан (морфемалардың абстракттық мағынасын меңгеруде) тіл құбылыстарын айыра білу қабілетін дамыту;
- 5) антонимдерді сөздердің мағынасын ұғыну құралы ретінде түсіне білу;
- 6) стилистикалық сезім қабілетін дамыту;
- 7) сөздердің тасмал мағынасы мен этикалық, ұғымдарын түсіне білу.

Лексиалық жаттығуларды жүргізуде дидактикалық ойын тәсілі, атап айтқанда, «дидактикалық» (яғни арнайы жабдықталған) қуыршақтармен ойын жиі пайдаланылады). Сондай-ақ «Ғажайып дорба» деген атпен белгілі дидактикалық ойын (балалар ішіне ұсақ заттар толтырылған дорбаға қолдарын салады да, оларды сипап біледі және атын атайды) да пайдаланылады. Бірақ, әрине, қуыршақтар мен басқа да ойыншықтардың ғана жәрдемімен балалар ана тілінің поэтикалық мағынасын бойына сіңіре алмайды. Балаларды қоршаған орта заттарымен таныстыру керек және нақты затты, іс-әрекет пен белгіні көрсету арқылы сөздің лексиалық мағынасын түсіндірген жөн.

Әр топқа лайықты сөздікті, сөйлеу материалдарын іріктеу қажет. Номинативті мен предикативті сөздік қорының тақырыптық принцип бойынша қалыптастырады. Бұл принцип бойынша балалардың сөздік қорына белгілі лексиалық тобын құрайтын сөздер бір мезгілде енгізеді. Мұндай жағдайда сөздердің семантикалық аялары орнықты және оңай

қалыптасады, бала санасында семантикалық аясының орталық сөздерді (мағыналық доминанталарды) және тақырыптық байланысы азды-көпті сөздерді (семантикалық аяның шеттері) ажыратуын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Тақырыптық топтың лексикасы балалардың жас ерекшелігі мен олардың қоршаған орта туралы түсініктердің даму деңгейіне байланысты алынады. Әдетте, дизартрия және оның салдарынан пайда болған сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардың мұндай түсініктері жеткіліксіз келеді, балалар зат-құбылыстардың сипаттамаларын анық ажырата алмайды, арасындағы ұқсастығы мен айырмашылықтарын атауға қиналады. Осыны ескере отырып, логопедиялық жымыс барысында ұқсас заттардың атауларын ажырата білуге үлкен мән беру қажет.

Мектепке дейінгі жасындағы барлық топ балаламен жүргізілетін лексиканы дамыту жұмысы лексикалық сөз қорын кеңейтуге ғана емес, сондай-ақ әр баланың қабылдаған сөзі оның өзіне тән жалпылау дәрежесінде үйренуіне бағытталуы тиіс. Сондықтан, сөздік жұмысының маңызды бағыттарының бірі – балаларды сөздерді мағынасы бойынша жалпылауға үйрету. Оның бірнеше дәрежесі ажыратылады. Жалпылаудың нольдік дәрежесі – жалқы есім, жеке заттың аты (Әсел, Марат, әже, табак, стол). Жаңадан сөйлей бастаған балалар (бір жастың соңы –екі жастың басына қарай) сөздерді, яғни бұл атауды нақты затпен арақатынаста салыстыра отырып (қорытудың нөлдік дәрежесі) үйренеді: олар үшін мама, орындық, доп, құты сөздері Әсел, Марат секілді жалқы есімдер. М.М.Кольцова 1 жастан 1 жас 3 айға дейінгі балалардың екі тобының сөздің жалпылаушы мағынасын түсінуі қалай өтетіндігін былайша сипаттайды: «Бір топта кітап» сөзіне 20 шартты қозғалыс рефлекстері (кітапты ал, кітапты қой және т.б), ал екінші топта 20 көру шартты рефлекстері қалыптастырылады; «Міне, кітап» сөйлемін қайталай отырып, балаға кезекпе –кезек форматы мен түсі әр түрлі 20 кітапты көрсетеді. Сөйтіп, бірінші топта көру тітіркенулері бекиді, екінші топта, керісінше көру әсерлері әрқелкі, ал істеген іс-әрекеттері бірыңғай болады. Бақылау мақсатында сынау жүргізгенде «кітап» сөзі бірінші топтың балалары үшін жалпылаушы сигналы болса, екінші топтың балалары үшін олай болмай шықты.

Көп мағыналы сөздерді қолдануды үйрету – сөздік жұмысының тағы бір маңызды бөлімі. Оның мақсаты – баланың сөйлеу тілін дамытып, тілдің мүмкіндіктерін толыққанды қолдануды жетілдіру. Сонымен қатар, көп мағыналы сөздің мазмұндық байлығын ашып қарастыру

сөздің дыбыстық жағын, сөздің дұрыс айтуын бекіте түседі, синоним және антоним қатынастарын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Жалпы алғанда, сөздің мағынасын түсіну үшін оның синоним және антоним сөздерін табу секілді тапсырмалар практикада сирек қолданады. Алайда, мұндай жұмысты ерте жастан бастаған жөн, яғни сөздік қорының сапалық жағына жұмыстың ең басты сатыларынан көңіл бөледі. Осы кезден-ақ бастап, келесі мақсаттарды қояды:

- 1) сөздің мағынасын дұрыс түсінуді үйрету;
- 2) синоним және антоним сөздермен сөздік қорын кеңейту;
- 3) сөздерді дұрыс қолдануды, бір-бірімен мағыналық жағына байланыстыра аруды жаттықтыру;
- 4) балалардың сөйлеу тілінде сын есім мен етістік сөз таптарын белсендіру.

Бала өз сөйлеу және когнитивті дамуының белгілі деңгейінде ғана лексикалық бірліктерді мағыналық қатынастар бойынша саналы түрде топтастыра алады, бұл шамамен 5-6 жастағы кезең. Сондықтан да жұмыстың екінші кезеңде шамамен - сөздер арасындағы мағыналық қатынастардың күрделену түрлерін орната білу қабілетін қалыптастыруды көздейді: түбірлес сөздер, мағынасы бірдей сөздер, мағынасы қарама-қарсы сөздер, сөздің көп мағыналығы және т.б.

Бұл кезеңде әр түрлі әдістерді қолданады - сөздік әдістер (әңгімелесу, мазмұндау, түсіндіру, көркем мәтінді оқу, жаттау, әңгімелеу, әңгімелету), көрнекілік әдістер (саяхат, заттар мен суреттерді, айналаны бақылау, теледидар, компьютер материалдары), дидактикалық ойындар әдісі, тірек-сызбалар әдісі және т.б.

Ересектер тобында балалар материалдардың неден жасалынғаны, олардың қасиеттері туралы көбірек білулері тиіс. Кейбір заттар мен бұйымдардың дайындалу үдерісін білу (пісіру, жасау, тігу, үтіктеу және т.б.). Алты жаста балалардың сөздігі заттардың материалы, қасиеті мен күйін жалпылайтын сөздермен толықтырылады.

Балалар өзіне таныс заттардың қасиеті мен сапасын анықтауға қажетті зерттеу әрекеттерін дербес қолданып, оларды атаулары тиіс (сипау, үрлеу, умаждау, қолында өлшеу, иіскеу және т.б.).

Ересек топтағы сөздік жұмыстардың жетекші мазмұны жалпылаудың тегі мен түрлерін, жалпылауды білдіретін сөздерді түсініп қолдану болып табылады. Бұл жаста балалар заттарды салыстыруды, басты белгілерін табу, осылардың негізінде заттарды топтарға бөлу іскерліктерін меңгереді. Заттарды өздеріне тән белгілері бойынша біріктіру қабілеттерін меңгереді. Ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, көлік және т.б. түсініктерді біледі.

Сөздердің ұғымдық мазмұнын меңгеру балаларға сөздердің ауыспалы, басқаша айтылған мағынадағы сөздерді түсініп, қолданудағы жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді.

5-6 жастағы балалардың сөздігін толықтыру әлеуметтік өмірдің құбылыстары мен оқиғаларына, адамның ішкі дүниесі мен сыртқы әрекетіне қызығушылығының артуымен байланысты. Түрлі мамандықтағы адамдардың еңбегімен таныстыру барысында олардың сөздігі заттар мен еңбек құралдарының, жұмысқа қажетті техниканың, еңбек іс-әрекеттері және олардың орындалу сапасының атауларымен толықтырылады.

Жұмыс мазмұны: балалардың сөздік қорын түрлі сөз таптарына (зат есім, етістік, сын есім, үстеу) қатысты сөздермен байыту; заттардың бөліктерін (көйлек пен жеяденің – жеңі, жағасы, түймелері) ажыратып, атай білуге үйрету; сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны және не үшін керектігі) білдіретін сөздермен толықтыру; адамдардың мамандықтарын білдіретін - зат есіммен, еңбек әрекетін білдіретін - етістікпен, үстеумен, шылаулармен байыту; заттарды топтастыруға, оларды атай білуге үйрету және жалпы жинақтау түсінігін білдіретін сөздерді (жемістер, жидектер, көкөністер, құстар, ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыстар, жиһаз) сөздік қорына енгізу. Сонымен қатар, балалардың сөздік қорына қарама-қарсы мағыналы сөздер- антонимдерді (үлкен-кіші, жақсы-жаман, мейірімді-мейірімсіз, алыс-жақын) енгізу; заттың орнын білдіретін сөздермен таныстыру; тәулік бөліктерін білдіретін сөздерді енгізу және адамдардың көңіл күйін (көңілді, мұңлы, мейірімді және т.б.) білдіретін сөздерді қолдануға үйрету.

Дизартриясы бар ересек тобындағы балалардың сөздік қорын тексеру кезінде олардың адам денесі мен бетбітімінің мүшелерін толық білмейтіндігі анықталды. Мұндай сөздерді де балалардың сөздік қорына арнайы енгізу қажет (қас, қабақ, кірпік, иек, ұрт, ерін, шынтақ, мойын, тізе және т.б.). Тексерудің нәтижелері көрсеткендей, кейбір балалар тұрмыстық заттарды атауға қиналды. Көп балалар тұрмыстық заттарды орыс тілінде ғана атады. Сол себептен жұмыс мақсаттарының бірі - балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың атауларымен толықтыру: кір жуғыш машина, тоңазытқыш, шансорғыш, теледидар, қысқатолқынды пеш және т.б. Сөздік қорын тексеру барысында балалардың заттың мағынасын түсініп, оны орысша атап кету жағдайлары жиі кездесті (Мысалы: колбаса, капуста, помидор, сыр және т.б.). Осы жайытқа ерекше көңіл бөлу қажет. Балалардың сөздік

қорына қазақ сөздердің тұрақтануын қамтамасыз ету керек және ұлттық және бұрын көрмеген «таңқаларлық» заттардың атауларымен (сандық, тымақ, желпуіш, парик-жасанды шаш, теңге, қазан, арба және т.б.) толықтырып, олардың аттары мен қызметтерін түсіндіру қажет.

Түзету жұмыс барысында жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді, олар баланың ой-өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойланып, заттар мен құбылыстардың сипатталуына, олардың атын табуға, жалпылауға, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді.

Сөздік қорын дамыту, білім деңгейін молайту мақсатында төмендегідей жұмбақтарды пайдаланса болады: киімдер туралы «Барады, барады, аузын ашып қалады» (кебіс), жануарлар туралы «Таптым, таптым тап жорға, табаны жалпақ боз жорға» (түйе), тағы басқа. Иір – иір денесі, Сахараның кемесі. Ащы шөптер – тамағы, Шөлге шыдап бағады. Бұл жұмбақ ойындарды сабақтарда жарыс түрінде көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізу пайдалы. Олар мектеп жасына дейінгі балаларды тапқырлыққа үйретеді, ой-қиялдарының өсуіне көмектеседі, қызығуы мен белсенділігін арттырады. Сондай-ақ тәрбиеленушілердің тілін дамытып, өз бетімен шығармашылық ізденісін, эстетикалық талғамын жетілдіреді. Әрбір жұмбақтан кейін жауаптың суретін көрсетуге болады, суреттегі бейне сөзбен үйлестіреді, сөздің дұрыс айтылуына ерекше көңіл бөледі.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен дыбыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр- сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көру, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық құбылыс. Көрнекілікті пайдалану педагогтардың шығармашылық ізденіске түсуін және әдістемелік жаңалықтарға қарап, оқу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді. Сөздік жұмысында кеңінен пайдаланатын көрнекіліктің бірі – сюжеттік сурет. Бұл көрнекілік, әсіресе балабақшадағы барлық топтарда жиі қолданылады. Сюжеттік суреттермен жүргізілетін жұмыстар қысқа мерзімде оң нәтиже береді. Мұндай жұмыстың нәтижесінде балалардың келесі дағдылары дамиды: сұраққа толық жауап беру дағдысы; сөйлем құрау дағдысы; әңгіме құрау дағдысы; әңгіменің тақырыбын белгілеу.

Әрбір топ бағдарламасында балаға мағыналары түсінікті, достарымен, үй-іші, тәрбиешісімен, мұғаліммен сөйлесуде еркін қолданылатын сөздік қорды тиімді, оңай және тез арада меңгерту көзделеді. Ондай белсенді қолданылатын сөздік қорды топтау оңай емес. Оны таңдаудың негізгі ұстанымдары – тіл дамуының әр сатысына сай ауызша тілдік қатынасқа ол сөздердің практикалық қажеттігі болуы, яғни жас

ерекшелігіне қарай сол кезеңде ол сөздердің қолданыста жоқтығына көз жеткізу, тіпті бұл туралы балаларда түсініктің де болмауы, екіншіден, ол сөздердің көркем сөзде, ауызекі сөйлеуде жиі қолдану ұстанымы, үшіншіден, дыбыстық құрылымы жағынан тілдік элементтердің балаларға қабылданарлықтай болу ұстанымдары жұмысымызда ескерілді.

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің ішінен ең тиімдісі – ойын әдісі. Сөздік қорды дамытуға бағытталған логопедиялық жұмыста да ойын әдісі ең негізгі орын алады. Өйткені ойын – мектепке дейінгі баланың шынайы табиғи тірлігі. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрсені тануға ықыласы туындайды. Ойын барысында бала сөйлеу қарым-қатынасқа қызыға түседі және ол сөйлеуден жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына жағымды ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Логопед танымдық, дамытушы ойындарды және арнайы жаттығуларды сабақтың мазмұнына қарай таңдайды. Әрине мұнда да балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Ойын арқылы балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Ойын ұйымдастыруда логопед өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, ойынға қызықтыра отырып, балалардың зейінін, қиялын, есте сақтауын дамытады. Сонымен қатар, ойын барысында баланы үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасауға дағдыландырады.

Сөздік қорын дамытуға келесі ойындарды ұсынылады: «Ғажайып қапшық», «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз» және т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы:

«Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биіш адамдар», «Көңілді таяқшылар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру үш бағытты қамтиды: 1) өткізуге әзірлік; 2) ойынды өткізу; 3) ойынды талдау. Ойынға қажетті құралдар, заттарды даярлау кезі - ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру кезі - ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау - бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс- әрекеті болып табылады.

Жалпы мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуға келесі ойын-жаттығуларды алуға болады:

1) *Заттарды атау.*
2) *Көкеністерді* (жемістерді, жиһаздарды, киімдерді.....) атау.
3) *Үлгіге қарап, аналогия бойынша екінші сөзді атау.* Мысалы: алмұрт-жеміс, үстел -, қазан- Немесе кірісінше, жеміс – алма, қызылша -....., табақ -.....

4) *Артық суретті табу.* Алдымен мағыналары алыс сөздер алынады (картоп, сәбіз, мысық, қызанақ), одан кейін мағынасы жақын сөздерді алады (сәбіз, қызанақ, алмұрт, картоп).

5) *Суреттерді іріктеу.* Алдымен мағыналары алыс сөз топтары алынады (жануарлар, өсімдіктер), одан кейін мағынасы жақын сөз топтарын алады (жемістер және көкеністер, киім және аяқ киім, құстар және жәндіктер жабайы және үй жануарлары).

6) *Ұқастық пен айырмашылықты атау.* Балаға екі сурет беріледі (алма мен алмұрт, орындық пен кресло, жүк тасыйтын және жеңіл автокөліктер және т.б.)

7) *Заттарды (суреттегі заттарды) бір сөзбен атау.* Жалпы ұғымды атағаннан кейін осы топқа жататын басқа сөздерді де атауды ұсынады.

8) *«Сөздерді тыңда, олардың ішінен үй жануарларға (көлікке, жиһазға, оқу құралдарына) жататын сөздерді ғана ата».*

9) *Сикырлы қапшық.* Балаларды шеңбер жасай отырғызып жүргізуші олардың алдындағы кішкентай үстел басына отырады. Үстелдің басында сикырлы қапшық тұр. Ішінде әртүрлі ұсақ ойыншықтар. Балаларды кезекпен шақырып қапшықтың ішіндегі екі

бірдей затты тауып алуды талап етеді. Мысалы: екі доп, екі машина т.б. Балалар қолымен заттарды сипап, бірдей затты тауып алған соң сипаттап айтады. Айтқанын тексеру үшін заттарды сыртқа шығарады, ойын осылайша жалғасады.

10) *Сөз қатарын жалғастыру.* Мысалы: құс- ұйя, адам-.....; жейде –түйме, бәтеңке-....., көлік – дөнгелек, адам -..... Егер бала қиналса жауап сөз қатарына керекті сөзді табуды ұсынады: бау, аяқ, ұй.

11) *Бөлшектерді атау.* Бірінші кезде суреттерді пайдаланады, ал кейін бала сөздерді есіне түсіріп, айтады. Мысалы: сиыр –денесі, басы, аяғы, тұяғы, құйрығы, құлағы, мүйізі, көзі, мұрны, ауызы, терісі; ұй-; ағаш -.....;

12) *Ойлан да аяқта*

- лимон қышқыл, ал қант...(тәтті)
- егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық...
- екі, бірден көп, ал бір...
- пышақ та, әйнек те...(өткір).

Сонымен дизартриясы бар мектепке дейінгі балалардың сөздік қорларын дамытудың негізгі жолы дидактикалық ойындарды, тапсырмаларды, жаттығуларды қолдану. Жұмыс нәтижесінде балалардың сөздік қоры дамып, еңжар сөздік қорындағы сөздер белсенді сөздігіне ауысу керек, балалар бағдарламадағы лексикалық тақырыптар аясындағы сөздердің барлық мағыналарын түсіну қажет және оларды еркін сөйлеуде қолдана білуі тиіс.

5 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМУҢ БОЙЫНША ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Церебралды сал ауыруы (БЦСА) бар балалардың психикалық дамуы моторлы функциянын бузылуының ауырлығына және таралуына байланысты.

Церебралды сал ауыруы бар балаларға психологиялық дамуының спецификалық бұзылыстары тән. Бұзылыстардың механизмі зақымдалуының ошағына, деңгейіне және зақымдалу уақытына байланысты.

БЦСА бар балалардың психикалық бұзылыстары туралы Э. С. Калижнюк, Е. М. Мастюкова, И. Ю. Левченко, Е. И. Кириченко еңбектерінде көрсетілген [14]. БЦСА бар балалардың психикалық әрекетінің жетілуі күрт шектелгеннен баланың психикасының дамуының, әсіресе танымдық процестерінің бұзылуына әкеліп соқтырады. Церебралды сал ауыруы бар балаларға әртүрлі қимыл, сөйлеу және сенсорлы бұзылыстарымен көрінетін бас миының органикалық ерте зақымдалу салдарынан психикалық дамуының ерекшелігі тән. Психологиялық дамудың бұзылуының генезінде іс-әрекеттің шектелуі, әлеуметтік қарым-қатынас, сонымен қатар тәрбие мен оқыту жағдайының ролі ерекше.

БЦСА кезінде таным процестерінің құрылымында мынадай ерекшеліктер болады: жеке психикалық функцияның тұрақсыздығы, дисгармониясы; астеникалық көріністердің айқын байқалуы — тез шаршау, барлық психикалық процестердің тежелуі, қоршаған орта туралы және таным әрекетінің шектелуі. Церебральді сал балалар қоршаған ортадағы заттарды, құбылыстарды білмейді, мүмкіндігінің шектелуіне байланысты және қимыл -қозғалысының қиындығынан бала үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алмайды; қоршаған ортадағы заттық-практикалық іс-әрекетті тануы қозғалыстың және сенсорикасының бұзылуына байланысты қиындайды. БЦСА бар балалардың 25%-да көріп қабылдауының бұзылуы, 20—25% есту қабілетінің төмендеуі байқалады. Кейде есту өткірлігінің төмендеуі

болмаса естіп есте сақтауы және естіп қабылдауының жетіспеушілігі байқалуы мүмкін.

БЦСА барлық түрлерінде балалардың көбінде астереогноз байқалады, яғни сипап сезу арқылы заттарды ажырата алмайды. Кеңістікте бағдарлау және уақытты бағдарлау дағдылары бұзылады.

Балалардың көбісінде тұтастық образды құрастыру қалыптаспаған. Кесілген суреттерді, таяқшалардан немесе конструкциялық материалдардан үлгі бойынша құрастыра алмайды. Көз бұлшықетінің параличтінен екі жақты көріп қабылдауы бұзылады, яғни оң және сол жақ гнозисінің қалыптаспауы. Оптикалық – кеңістіктік бағдарлауы жиі бұзылады. Өзінің дене мүшесінің схемасында бағдарлауы, пішіндерді кеңістікте сәйкестендіруі бұзылады. Осындай жағдайда балалар үшін геометриялық фигураларды бастыру, сурет салу және жазу қиынға түседі. Көп жағдайда ойлау іс-әрекетінің қалыптасуы бұзылады. Кейбір балаларда ойлаудың көрнекілік түрі дамыса, кейбір балаларда керісінше көріп-қабылдап ойлауы зақымдалып, естіп қабылдап ойлауы дамиды. БЦСА бар балалардың психикалық дамуына психоорганикалық айқындылық тән-баяулық, психикалық процестердің жетілмеуі. Бір іс-әрекеттің екінші іс-әрекетке ауысуы қиындайды, зейіннің тұрақсыздығы, қабылдаудың баяулығы, механикалық есте сақтаудың төмендеуі байқалады. Балалардың көп бөлігінің таным процестерінің дамуы төмен болып келеді, сондықтан тапсырмаларға қызығушылығы төмен, зейіні тұрақсыз, іс-әрекеті баяу, психикалық процестерінің ауысуы төмен болады. Жұмыс жасауының төмендігі зияткерлік тапсырмаларды орындауда шаршап қалумен сипатталатын церебрастеникалық синдроммен байланысты. Осындай синдром мектеп жасында зияткерлік тапсырмаларды орындауда көп байқалады. Зиятының сақталуы бойынша церебралды параличті бар балада әртүрлі топтар бойынша көрінеді: кейбірінің зияты қалыпты немесе қалыптыға жақын болса, кейбірінде психикалық дамуының тежелуі байқалады, кейбір бөлігінде ақыл-ойының кемістігі көрінеді.

Таным іс-әрекетінің дамуының бұзылуының негізгі себебі мидың органикалық бұзылуы мен тұрмыстық жағдаймен байланысқан психикалық дамудың тежелуі. БЦСА кезіндегі психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) баланың ақыл-ой дамуының жағымды динамикасын сипаттайды. Олар үлкендердің көмегін жақсы қабылдайды, олардың материалды меңгеруі баяу болғанмен жақсы қабылдайды. Қалыпты жағдайдағы түзету-педагогикалық жұмыс жүргізілсе олар өз құрдастарын қуып жетеді. Зияты бұзылған балалардың психикалық функциялары толық зақымдалады. Бірінші орынға таным әрекетінің

жоғарғы формалары шығады–абстрактілі- логикалық ойлау функциясы және гностикалық функциялары.

Ауыр ақыл ойдың зақымдалуы БЦСА-ң қос гемиплегия және атоникалық-астетикалық түрінде кездеседі. Ауытқудың клиникалық формасына бір қатар таным іс-әрекетінің бұзылыстары тән. Спастикалық диплегия кезінде сөйлеу – логикалық ойлауының дамуы қалыпты болады, бірақ кеңістік гнозисі мен праксисі зақымдалады. БЦСА-ң бұл түрінде логикалық ойлауды және ауызша жауап беруді талап ететін тапсырмаларды олар қиындықсыз орындайды. Бірақ олар кеңістікте бағдарлауға бағытталған тапсырмаларды қиынсынады, дене схемасын ажырата алмайды. Бұл балаларда санау дағдылары, тұтас заттарды және бөлшектерді салыстыру, арифметикалық белгілерді есте сақтауы бұзылады.

Дизартриясы бар балалардың танымдық таным процестерін дамыту өз ерекшеліктеріне ие. Таным процесстерін дамыту бойынша педагогикалық-түзету жұмысы балалардың дара ерекшеліктері мен психикалық процестерінің заңдылықтарын ескеру негізінде құрылады. Таным процестерін толыққанды дамыту үшін педагог сабақтың мақсатын, жұмыс тәсілдерін, таным процестерін дамытудың шарттарын белгілейді, жұмыс нәтижелерін бағалайды.

Баланың таным процестерінің дамуы арнайы педагогиканың негізгі қағидаларын сақтаған жағдайда ғана мүмкін: көрнекілік, жүйелілік, білім алуға деген баланың талабы мен белсендігі, және т.б.

Танымдық процестерін дамыту

1. Зейін

Зейін сферасын дамуына ықпал етеді:

1) Міндеттері дұрыс іріктеліп, қойылған күн тәртібін ұйымдастыру (шағын жүктеме, әрекеттер түрін ауыстыру).

2) Балаларды қызықтыратын материалды іріктеу.

3) Дамытушылық жаттығуларды кірістіру.

Міндеттері:

1) Қатты шыққан дыбыстарға немесе ерекшеленген тітіркендіріштерге назар аударту.

2) Әсерленушілікке қатысты заттар мен нысандарға назар аудару.

3) Ерікті зейінін дамыту: белгілі бір мезгілде нысандар мен құбылыстарға назар аудару дағдысын қалыптастыру.

4) Өз зейінін қолда ұстай білу дағдыларын қалыптастыру: қызықтыратын нысаннан керекті нысанға назарын аудару.

5) Бірнеше заттармен әрекет етуін және зейінін бөлу дағдыларын қалыптастыру.

Ұсынылатын ойындар мен жаттығулар:

«Есту және шапалақтау»

Мақсаты: зейінді дамыту

Тапсырма

Балаларға жемістің атауын естіген жағдайда алақанын шапалақтауын сұраймыз. Мысалы: алма (шапалақ), машина, кітап, алмұрт (шапалақ), банан (шапалақ), т.б.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: заттың түсі қызыл (көк, сары, жасыл) болса алақанын шапалақтауын сұраймыз. Мысалы: көкшіл алау, көк шөп, сары алма, қызыл алма, жасыл алма, т.б.

«Тура сондай суретті тап»

Тапсырма

Үлгіде көрсетілген суретке қарап тура сондай суретті берілген 4 сурет ішінен іріктеп ал. Мысалы, допты.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: ұқсас суреттердің санын 8 дейін көбейтуге болады. Әрі қарай тапсырмаларды орындау уақытын шектеу қоюға болады: тапсырманы 30 секундта орындау.

«Заттарды тап»

Мақсаты: зейінді дамыту

Тапсырма

Әртүрлі заттар бейнеленген кесте беріледі. Балаға қайталанатын тек бір затты сызып тастау керек, мысалы: алманы сызып, ал балықты дөңгелетіп сызу.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: алманы сызып, ал балықты дөңгелетіп сызу.

«Тығылып қалған аңдарды тап»

Мақсаты: зейін мен қабылдауын дамыту

Тапсырма

Балаға бірін үстіне бірі қойылған заттарды тауып, атап беруді ұсынады.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: аңдарды санап шық. Бірін үстіне бірі қойылған заттардың ішінен үй және жабайы аңдарды тап.


«Бір-біріне ұқсамайтын заттарды тап»

Мақсаты: зейін мен салыстыру дағдыларын дамыту

Тапсырма

Балаға бірнеше ойыншықтар ішінен басқаларға ұқсамайтын заттарды немесе ойыншықтарды тауып беруді ұсынады.

Мысалы:



Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: заттардың санын көбейту.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: зейін мен салыстыру дағдыларын дамыту

Тапсырма

Балаға ұсынылған екі сурет ішінен екі айырмашылығын табуды ұсынады. Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: 3 айырмашылығынан 6 айырмашылыққа дейін табуды ұсынылады.

«Алақанды шапалақта»

Мақсаты: есту зейінін дамыту

Тапсырма

Балаларға кез келген жануарды таңдап алуды ұсынады. Педагог жануарларды атайды, бала «өзінің» жануары аталған кезде алақанын шапалақтайды.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: 4 жануардан бастайды, 15 жануарға дейін жеткізеді.

«Ашық ауызданба»

Мақсаты: ерікті зейінін және кеңістікте бағдарлауын дамыту.

Тапсырма

Балаға бір орында маршпен жүруді ұсынады. Сигнал берілген кезде (1 шапалақ) бала тоқтап, солға 180 градусқа бұрылуы қажет, содан кейін қозғалысты жалғастырады. Сигнал берілген кезде (2 шапалақ) бала тоқтап, оңға 180 градусқа бұрылуы қажет, содан кейін қозғалысты жалғастырады.

Әдістемелік нұсқаулар: ойынды топта өткізуге болады, бұл жағдайда балалар шеңбер құрып, қозғалады.

«Сақ бол!»

Мақсаты: есту зейінін дамыту.

Тапсырма

Балаларға шеңбер құрып жүруды ұсынады. Педагог әртүрлі интервалмен команда береді: «Көжек», «Тырна», «Құлыншак». Балалар командаға сәйкес қимылдау қажет. «Көжек» - балалар секіреді, «Тырна» - балалар тоқтап, бір аяқпен тұрады, «Құлыншак» - балалар тоқтап, бір аяғымен еденді тебеді.

Әдістемелік нұсқаулар: ойын басталмастан бұрын балаларға сигналдарды орындауын үйрету қажет. «Жануарлардың» санын аз-аздап көбейтуге және қимылдарды толықтыруға болады.

II. Есте сақтау

Есте сақтау қабілетін қалыптастыру:

- 1) Бұрынғы тәжірибесіне сүйену, есте сақтауға арналған материалдың барлық бөліктерінің өзара байланысы.
- 2) Мазмұнды есте сақтауға арналған жаттығуларды еңгізу.
- 3) Ауызекі есте сақтауға арналған жаттығуларды еңгізу.
- 4) Қимылды есін дамыту жаттығуларын еңгізу.

Міндеттері:

- 1) Естуді есте сақтау қабілетін дамыту: сөздерді (жұп сөздерді) есте сақтау дағдыларын дамыту, оларды еске түсіру.
- 2) Көру есін дамыту.
- 3) Сөздерді есте сақтау.
- 4) Еріксіз механикалық естен ерікті еске, мазмұнды есте сақтауға, бейнелі еске, қимылды еске аз-аздап көшуін қалыптастыру.

Ұсынылатын ойындар мен жаттығулар:

«Мұқият қара».

Мақсаты: есті дамыту.

Тапсырма 1

Заттардың орналасу кезектілігін есте сақтауын сұрайды. Содан кейін заттардың орын ауыстырып, қайта алғашқы кезектілікпен орналастыруды сұрайды. Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрнелендіріледі: бастапқыда 3 зат беріледі. 6-8 затқа жеткізіледі.

Тапсырма 2

Балаға 10 карточкалар – суреттер беріледі, 2 минут арасында оларды есте сақтап қалу ұсынылады. Содан кейін карточкаларды алып тастап, есте сақталған суреттерді атап беруді сұрайды.

Тапсырма 3

Балаға суреттердің реттілігін есте сақтауды сұрайды. Суреттерді араластырып, суреттерді алғашқы реттілігімен орналастырып қоюды ұсынады.

«Сөзді есте сақта»

Мақсаты: естіп есте сақтауын дамыту.

Тапсырма

Балаға сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтап, қайталап айтып беруін сұрайды.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: алғашқыда 4 сөзді есте сақтауын сұраймыз, аз-аздап 10 сөзге жеткізеді.

III. Қабылдау

Міндеттері:

1) Заттың түсін, пішінін, көлемін ажырату дағдыларын қалыптастыру.

2) Нысанның қасиеттерін, ерекшеліктері мен қызметін ажырату дағдыларын қалыптастыру.

3) Өзін қызықтыратын заттар мен олардың байланыстарын тану дағдаларын қалыптастыру.

4) Уақытты қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру (ұзақтылығы, жағдайлардың кезектілігі).

5) Қимылды, қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

6) Мағыналы, тұрақты, жалпылама қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

Ұсынылатын ойындар мен жаттығулар:

«Ненің дыбысы?»

Мақсаты: естіп қабылдауын дамыту

Тапсырма

Балаға ненің дыбысын естігенін айтуды сұрайды (қоңырау, дауылпаз, сырнай).

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: заттардың дыбыстарын тауып айтуын ұсынады: қағаздың сыбдырлауы, шынының дыңылы, және т.б.

«Ойыншықты тап»

Мақсаты: қабылдауын, зеінін, сипап сезуін дамыту.

Тапсырма

Балаға бөлмеде орналасқан ойыншықты сипаты бойынша табуды ұсынады. Мысалы, жұмсақ, құйрығы ұзын, ақ, мұртты, төрт аяғы бар.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: балаға көзін жұмып тұрып, сипап сезу арқылы ойыншықты сипаттап беруді ұсынады.

«Геометриялық лото»

Мақсаты: заттың түсін, көлемін, пішінін қабылдауын дамыту.

Тапсырма 1

Балаға белгілі бір фигураны көрсетуді сұрайды: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек.

Тапсырма 2

Балаға көлемі тағайынды фигураны көрсетуді сұрайды (кішкентай дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар; үлкен дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар).

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: тек белгілі түсі бар дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштарды іріктеп алуды сұрайды.

«Не бейнеленген?»

Мақсаты: затты тұтас қабылдауын дамыту.

Тапсырма

Балаға заттың аяқталмаған суретін ұсынып, соны атап беруін сұрайды.

Әдістемелік нұсқаулар: аз-аздап тапсырмалар күрделендіріледі: зат не үшін қолданылады деп сұрайды.

IV. Ойлау

Міндеттері:

- 1) Ұғымдарды меңгеру.
- 2) Затты, құбылыстарды сипаттай білу қабілетін дамыту.
- 3) Нысандардың себеп-салдар байланыстарын түсіну, жалпылама түсіндіруден нақты түсіндіруге, сыртқы белгілерінен жасырындысына көшу қабілетін қалыптастыру.
- 4) Сөйлеу-логикалық ойлауға көшу қабілетін дамыту.
- 5) Әрекеттің ішкі жоспарын құру қабілетін қалыптастыру.

Ұсынылатын ойындар мен жаттығулар:

«Мен кімін? Ойлап тап»

Мақсаты: сөйлеу тілін, шығармашылық қиялын дамыту.

Тапсырма

Балаға дыбыспен немесе ым-ишарамен қандай да бір затты бейнелеп беруді сұрайды.

Әдістемелік нұсқау: тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындаса (бала қатты ойлап таппаса) оған заттық суреттер ұсынылады. Бала суреттегі затты бейнелейді.

«Сөзді безендендір»

Мақсаты: сөйлеу тілін, шығармашылық қиялын дамыту.

Тапсырма

Балаға берілген сөзге көбірек сын есімдер ойлап, айтуды ұсынамыз.

Мысалы: күз (ол қандай?); үй (ол қандай?); қыс (ол қандай?), гүл (ол қандай?), т.б.

Әдістемелік нұсқау: тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындаса балаға суретке сүйенуге рұқсат беріледі.

«Сөз ойла»

Мақсаты: сөйлеу тілін, шығармашылық қиялын дамыту

Тапсырма

берілген сөздегі бірінші әріпін анықтап, сол әріптен басталатын жаңа сөз ойлап айт.

Т – тышқан

А – алма

Ш – шана

И – ине

С – сақина

А – ат

Әдістемелік нұсқау: егер бала тапсырманы орындауда қиналатын болса, оған әр әріпке қатысты заттық сурет көрсетіледі.

6 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ МОТОРЛЫ АЯСЫН ДАМУЫ БОЙЫНША ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылысын және моторлы қызметтің дамымай қалу мәселесін шешу аса маңызды әлеуметтік жағдай. Көптеген авторлардың мәліметтерінше (М.Б. Эйдина, Е.Н. Правдина, Е.М. Мастюкова) дизартрия көбіне балалардың церебральді паралич кезінде жиі кездеседі [8]. Дизартриямен зақымдалған балаларда орталық жүйке жүйесінің зақымдалуынан қозғалыс механизмдері бұзылады, жалпы және ұсақ моторикалары зақымдалады. М.М Кольцова, М.С Рузина өз зерттеулерінде қолдың, саусақтың моторикасының басты ми қабатындағы сөйлеу қызметінің зонасына маңызды ықпал етеді деп көрсеткен. Е.М. Мастюкова ұсақ моторикасының зақымдалуы мен сөйлеу бұлшықеттерінің зақымдалуының арасында өзара байланыс байқаған. Ағылшын психологы Д.Селли қолдың қимыл-қозғалысы баланың ойлау және сөйлеу тілінің дамуына үлкен әсер ететінін айтқан болатын. Жеңіл түрдегі дизартриясы бар балаларда сал болу жағдайлары байқалмағанына қарамастан, олардың моторикасы жалпыдан ажыратылып тұрады, үйлесімдік жетіспейді және қимылдарының нақтылығы мен ептілігі жағынан құрбыларынан қалыс болады, хат жазуға қол даярлығының дамуы кешеуілдейді, сондықтанда да сурет салу және басқа да түрлі қол әрекетін жасауға қызығушылық ұзақ уақыт болмайды (Л.А Данилова, Л.В Лопатина, Н.В Серебрякова, И.С Силманова, И.А Смирнова, Г.В Чиркина және т.б) [15].

Моторикасының дамымауы негізгі қимылдардың қалыптасу уақытының тежелуіне әкеліп соқтырады. Нақты емес, икемсіздік, баяу, тепе-теңдіктің сақталмауы, және т.б. Дизартрияға шалдыққан балалардың қолмен жұмыс істеуінде қиындақтар кездесетіні белгілі. Олардың қол білезіктері әлсіз және салбырт, алақандарын жұдырыққа түйе алмайды, саусақтарын бір-бірден санап, үлкен бас саусақты қалған саусақтарға қарсы қоя алмайды. Қолдарына қасық, қарындаш ұстау қиынға соғады. Олар затты жұдырықпен ұстайды; қайшымен қия ал-

майды, ермексазды илей алмайды. Қандай да болмасын әрекетті орындау кезінде ересектердің көмегін қажет етеді. Сондықтан кез-келген сабақты ойын түрінде ұсыну қажет, ол бала қызығушылығын арттырады, және де жағымды эмоциялар есебінен психологиялық күйдің жақсаруына, сәйкесінше жұмысқа деген қабілеттіліктің жоғарлауына септігін тигізеді. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша әрбір сабақты өз-өзінің білегін және қол саусақтарын уқалау элементтерін бастау ұсынылады. Қажет болған жағдайда – көмек көрсетуге керек. Массаж пассивті гимнастиканың бір түрі болып табылады. Оның әсерінен тері және бұлшықет рецепторларында импульстар пайда болады, ол бас ми қыртысына жетіп, орталық жүйке жүйесіне (ОЖЖ) жағымды әсер етіп, нәтижесінде оның барлық жүйелер және мүшелер жұмысына қатысты реттеуші ролі жоғарылайды.

Өз-өзіне массаж білекті босаңсытудан, сипалаудан басталып, аяқталады: білектің сыртқы жағынан бір-біріне үйкеу; алақандарды бір-біріне үйкеу; қол саусақтарына массаж жасау. Бір сабақта 5-6 жаттығудан артық орындалмайды.

Қол алақанының және саусақтардың функционалдық мүмкіндігін қалыптастырмас бұрын, қолдың жоғары жағының бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру қажет. Бұлшықеттің босаңсуына қолды Фелпс методикасы негізінде сілкілеу ықпал етеді (қолдың 3 тен бір бөлігінен ұстап, жеңіл тербелмелі-сілку қозғалыстары жасалады). Әрі қарай алақанға және саусақтарға массаж бен пассивті жаттығулар жасалады: сипалау, спираль түрінде, саусақтың ұшынан негізіне дейінгі қозғалыстар; ұрғылау, шаншу арқылы, саусақ ұштарын және саусақтардың арасын уқалау; саусақтың және алақанның (саусақтан шынтаққа дейін) сыртқы бетін сипалау мен ұрғылау; баланың алақанымен педагогдың қолына шапалақтау, қатты және жұмсақ жақтарын; саусақтарын айналдыру (әрқайсысын жеке); алақанын дөңгелете айналдыру; алақанын тартып-созуы (оңға - солға); супинациялық қозғалыс (алақанды жоғары қаратып қолды бұру), пронация (алақанды төмен), алақан саусақтарын кезекпен ашу, содан кейін саусақтарды түгелімен бұғу (бас бармақ жоғары жағынан орналасады), бас бармақтың басқа саусақтармен беттестіру (саусақтардан сақина жасау); щеткамен массаж (саусақ ұштарын және алақанның сыртқы бетін, саусақтың ұшынан білекке дейін) қаттылығы әртүрлі бағанды щеткалар қолданылады;

М.В. Ипполитова, В.П. Дудьев, В.В. Цвынтарный, И.С. Лопухинаның еңбектерінде жаттығулар түрлері кездеседі [15].

Саусақ ойындары – қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойын-

ша жұмыстың маңызды бөлігі. Олар қызықты және сөйлеу тілінің, шығармашылық әрекетінің дамуына септігін тигізеді. Саусақ ойындары – бұл қандай да бір рифмалық оқиғалар, ертегілер, өлеңдерді саусақтар көмегімен сипаттау, көрсету. Балалар көлеңке ойындарын ойнауды ұнатады. Саусақ ойындары барысында, балалар ересектердің қозғалыстарын қайталап, қол моторикасын белсендендіреді. Осылайша, икемділік, өз қозғалыстарын басқару біліктілігі, әрекеттің бір түріне зейінін шоғырландыру қалыптасады. Бастапқыда балаларды күрделі емес статикалық білек және саусақ қалыптарына үйретеміз, біртіндеп оларды күрделендіреміз, содан кейін кезектескен саусақтардың ұсақ қозғалыстары бар жаттығуларды және соңында бір уақытта орындалатын қозғалыстарды қосамыз. Алғашқы сабақтарда барлық жаттығулар баяу орындалады. Педагог білектің дұрыс қалпын және бір қозғалыстан келесіге дәл ауысуын бақылайды. Қажет болған жағдайда дұрыс қалпын қабылдауға көмектесу, қолдауға және бос қолдың көмегімен екінші қол қалпын бағыттауға мүмкіндік береді. Жаттығулар әртүрлі күрделілік деңгейінде орындалады: еліктеу арқылы, ауызша нұсқаулық бойынша. Алдымен ауызша нұсқау көрсетумен қатар жүреді, яғни балалар еліктеу арқылы жұмыс жасайды. Содан кейін олардың өз бетінше жұмыс жасауы артады – тек ауызша нұсқаулық арқылы тапсырманы орындайды.

Әртүрлі заттарды қолдану арқылы орындалатын саусақ және білек жаттығулары да қимыл-қозғалысты дамытуда өте маңызды: пирамидалар, мозаикалар жинау; сақиналарды жіпке тізу; түйме, ілгіштерді, сырмаларды, түрлі көлемдегі құлыптарды ілу бойынша әдістемелік құралдармен жұмыс; тиындарды реттеу; астық дақылдарын сұрыптау; сіріңкемен жұмыс; қағазбен жұмыс; жабыстыру жұмыстары (топырақ, ермек саз, қамыр); арнайы шекараларда, бәтенкенің бауын байлау; қалың жіптерде, бауларда, жіптерде түйін байлау; құммен, сумен ойындар; түрлі-түсті жінішке сымды орау, өз саусағына орау (сақина немесе спираль шығады); шегелерді, бұрауыштарды бұрау; конструкторлармен, шаршылармен ойындар; ауада сурет салу; әртүрлі материалдармен сурет салу (қалам, қаламсап, бор, бояу, көмір және т.б.).

Қимыл-қозғалыс координациясына арналған жаттығулар:

«Жол бойымен» – ені 20 см болатын тақтай үстімен түрлі кедергілерді (тастар, ойыншықтар, таяқшалар) аттап өту.

«Бөрене үстіндегі аю» - 20 см болатын тақтай үстімен тура және кері қарай төрт аяқтап жүру.

«Акробат» - еденге түзу сызық бойымен бауды (жіп) созып қоямыз. Бала баудың бойымен бір аяғының өкшесін екінші аяғына тигізе отырып жүруі керек.

«Секіру» – баланы қолынан ұстап бір орында секіруіне қолдау көрсетеміз. Содан кейін қолдауды азайта түсеміз.

«Секіріп өту» – бала екі аяғын қосып еденде жатқан лентадан секіріп екінші жағына шығу керек.

Қолға арналған жаттығулар:

«Маятник» – аздап еңкейеді. Қолдар төменгі жақта, параллель бойынша оңға-солға қимылдатамыз.

«Балерина» – тік тұрамыз. Екі қолды екі жағымызда ұстап тұрып аяқтың ұшымен көтерілеміз.

«Жел соққан ағаш» – қолды жоғары. Параллель бойынша оңға-солға қимылдатамыз.

Ұсақ моторикаға арналған жаттығулар:

«Баян» - алдымен саусақтарды ашып содан соң қозғалтамыз. Баян ойнап жатқан кейіпті көрсету, ойынын елестету.

«Әтеш» саусақтарды «құлып» етіп айқастырамыз. Екінші қолды ашып жоғары қарай саусақтарды көтеріміз, сонда әтештің қауырсыны сияқты көрінеді. Кейін керісінше екінші қолдың саусақтарын жоғары көтеріміз.

«Мысықтың тырнақтарын көрсетуі» - Бір! – өзімізге қолдың сырт жағын қарата тұрып саусақтарды алақанға қарай.

Екі! – саусақтарды қалпына келтіріп, саусақтардың арасын ашып «Мяу» деп көңілді мысықтың кейпін көрсету.

«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!

«Қимылды қайтала» жаттығуы

Мақсаты : қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Жаттығу барысы :

Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.

«Фигураларды құрастыр» жаттығуы.

Мақсаты : қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.

Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шығару керек.

Төмендегідей тапсырмалар беріледі:

Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;

Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;

Үй құрастыру;

Жалауша құрастыру;

Жұлдызша құрастыру;

«Шынжыр»

Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

Піл : оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақпен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақпен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

Гүл : қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.

«Шапалақта» жаттығуы

Балалар топ ішінде ойнайды. Тәрбиеші қолымен шапалақтау арқылы балалардың іс-қимылын бақылайды. 1-шапалақтауда бала секірсе, 2-ші шапалақтауда бала отыру қажет, ал 3-де бала отырған бойы қайта орнынан тұру қажет. Бұл ойын БҚС арналған, қимыл қозғалысты дамытуға .

«Допты бер» ойыны

Бұл ойын топта ойналады. Бала саны кемінде 5-6. Балалар бірінен соң бірін тұрады. Барлықтары қолдарын көтереді. 1-ші бала 2-ші балаға бастың жоғарғы бойымен береді, 2-ші бала 3-ші балаға екі аяқтың ортасымен береді, 3-ші бала 4-ші балаға оң жағымен береді және т.б.

«Қарлығаш» жаттығуы

Бала 1 аяқпен тұрады, 2-ші аяғы полға қарама-қарсы тұрады, басы сәл алға иілген, екі қолы жан-жағында болады, денесі сәл алға иіледі. Бала көзін жұмады. Бұл жаттығуда екі аяқты ауыстырып тұру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дизартриясы бар балалардың бұзылыстарын түзету-педагогикалық жұмысын ұйымдастыру мәселесіне қатысты арнайы әдебиеттегі деректер және зерттеу, бақылау барысында алынған мағлұматтар келесідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

1) Дизартрияға шалдыққан балаларды ерте анықтап олармен түзету шаралар жан-жақты жүргізілсе, онда әлеуметтік ортаға бейімдеу нәтижелі болар еді.

2) Дизартриясы бар балалардың сөйлеу тілін (сөздік қорын, фонетикалық-фонематикалық, лексикалық-грамматикалық жағын, байланыстырып сөйлеуін) дамыту жұмыс барысында алдымен ауыз екі сөйлеудің алғышарттарын қалыптастыру жұмысына ерекше көңіл бөлу керек.

3) Дизартриясы бар балалардың барлық таным процестерін, моторлы аясын дамыту өте маңызды.

4) Түзету жұмысына ата-аналарды тарту арқылы балаларға көрсетілген көмек түрлерін кеңінен қарастыру.

5) Түзету – логопедиялық жұмыс барысында заманауи технологияларды, электрондық құралдарды, альтернативтік әдістерді қолдану арқылы балалардың коммуникативтік мүмкіншіліктерін арттыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Рахметова С.Р. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми: әдістемелік негіздері. пед.ғыл.докт.дисс.- Алматы 1994.
- 2 Левина Р.Е. Основы теории и практики логопедии.- М., 1961.
- 3 Лопатина Л.В. Преодоление речевых нарушений у дошкольников / Л.В.Лопатина, Н.В. Серебрякова – СПб., 2001.
- 4 Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. - М.,1961.
- 5 Белякова Л. И., Волоскова Н. Н. Дизартрия: уч.пос. для студ. - М.: Владос, 2009 .
- 6 Баймуратов Б.Р. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. – Алматы:Рауан,1999.
- 7 Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту: пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1993.
- 8 Мастюкова Е.М., Ипполитова М.В. нарушения речи у детей с церебральным параличом.-М.: 1985
- 9 Винарская Е. Н. Дизартрия.- М., 2006.
- 10 Левченко И. Ю., Приходько О. Г. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно–двигательного аппарата. - М., 2002.
- 11 Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері//Модернизация педагогического образования: проблемы и перспективы: матер. междунар. науч.-практ. конф.- 2008.- 98-105б.
- 12 Антипова Ж. Что? Где? Когда?: О работе по формированию словарного запаса у детей с ОНР // Дошкольное воспитание. – 1995. – №9. – с. 36–38.
- 13 Оразбаева З.Ф., Шалабай Б. Қазақ тілі.- Алматы,2007.
- 14 Левченко И.Ю., Приходько О. Г. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата: уч. пособ. для студ. сред. пед. учеб. заведений. -М.: Издательский центр «Академия», 2001. — 192 с.
- 15 Кольцова М.М. Движение и развитие моторной речи.- М., 1974.

Сабақ үлгісі

Тақырыбы: Дене мүшелері

Мақсаты: адамның дене құрлысы туралы түсінігін анықтау; ауызша сөйлеу тілінде күрделі сөйлем түрлерін қолданыға жаттықтыру; логикалық ойлауын, есте сақтауын дамыту; зат есімнің еркелетіп айта-тын жұрнақтарын қолдануын бекіту.

Алдын ала жүргізілетін дайындық жұмыс.

Дене мүшелерін атау.

Үй жануарларының (мысық, ит, жылқы т.б.) дене мүшелерін атауға жаттығу.

Адам денесінің сызбасымен танысу.

Дене мүшелерінің сызбасы (сандармен белгілеу: 1-бас, 2- мойын, 3- қол, 4- дене, 5-аяқ) суреттер топтамасы.

Сабақ барысы:

I. Адам денесінің сызбасымен жұмыс

1. Сызбадағы белгіленген (1 – 5 дейін) дене мүшелерін атау.

2. Бастың, дененің, қолдың, аяқтың бөліктерін атау.

қол:	аяқ:	бас:	дене:
иық	тізе	шаш	мойын
шынтак	өкше	маңдай	иық
саусақ	табан	бет	кеуде
тырнақ	саусақ	кірпік	іш
алақан	тырнақ	ауыз	арқа
		тіс	
		ерін	

Басында логопедтің көрсетуімен орындайды.

3. Адам денесіндегі қос мүшелерді атау.

(қас, көз, құлақ, қол, шынтак, алақан, аяқ, тізе т.б.)

4. Үй жануарларында болмайтын, адамның дене мүшелерін атау (беті, алақан, саусақ, қол т.б.)

II. «Есте сақта, айт, қайтала» ойыны. Балалардың зейінін, есте сақтауын және қимыл үйлестігін дамытуға арналған.

1) Логопед үш қимылды көрсетеді

2) Балалар қимылдың кезектілігін сақтап айтып береді.

3) Содан соң қимылды өзбетімен көрсетеді.

Есте сақтап көрсетіге арналған қимылдар кешені:

1) Екі қолымен маңдайдың ортасына құлаққа қарай 3 рет сипау, құлақтың ұшын тартып қимылдату, қолды артқа қойып, жұдырықты тую.

2) 5 рет алақанын шапалақтау, аяқтарымен кезек кезек еден соғу, аяқтарын кезек көтеру.

3) 5 реттен алақанын соғу, алақанымен тізесін соғу, өкшесімен еденді соғу.

III. Ойын «Не үшін керек?» - сөйлем құрау дағдысын дамыту.

Үлгі: көз адамға айналадағы заттарды көруге керек.

мұрын ... құлақ...

ауыз... тіс...

қол... бас...

аяқ... ерін...

IV. «4-ші артық» ойыны. (сурет бойынша)

саусақ, аяқ, қолап, алақан

аяқ, тізе, қол, етік

ауыз, көзілдірік, мұрын, көз

V. Контур бойынша қол, аяқты сызу.(бояу)

VI. «Не екенін тап» - іс-әрекет бойынша дене мүшелерін табу.

Дем алады, иіскейді, ойлайды, бұрады, жазады, ұстайды, тігеді.

VII. Қорытынды

Балалардың аттарын еркелетіп айтып қоштасайық.

Үлгі: Саматжан, сау бол.

Ғайшатай, сау бол.

Мұратжан, сау бол.

Әсемжан, сау бол.

Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Н. Тулебиева, С.Ж. Өмірбек және т.б.

ДИЗАРТРИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Әдістемелік нұсқаулық

Редактор Қ. Өмірбекова.
Технический редактор Д. Токтарбекова.
Компьютерная верстка А. Кабанбаев.

Формат 60x84\16. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 4,0.

ННПЦ КП 050008, г. Алматы, ул. Байзакова 273 А,
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.